



SEMEYtanu



№70 (19822) 4 қыркүйек, 2026 жыл

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ

АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ ■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ ■ EMAIL: INFO@SEMEYTANY.KZ

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ: ҮКІМЕТ ҚҰРАМЫ ЖАСАҚТАЛДЫ



2-бетте

Облыс әкімдігінде

КҮН ТАҚЫРЫБЫ - ӨҢІРДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР



2-бетте

Өнеркәсіп

ӨРІСІ КЕҢЕЙГЕН АҚТОҒАЙ



2-бетте

Денсаулық

МЕДИЦИНАДАҒЫ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР



3-бетте

Мемлекеттік қызмет

ӘДЕП НОРМАЛАРЫНЫҢ САҚТАЛУЫ - СЕНІМ НЕГІЗІ



8-бетте

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ АЯСЫНДА

Абай облысында Жарма ауданындағы Үшбик, Жарма, Шар станцияларының және Мақаншы ауданындағы Жалаңашкөл темір жол вокзалдары толық жаңартылып, пайдалануға берілді. Жарма ауданындағы үш нысанның ашылу салтанатына облыс әкімі Берік Уәли қатысты.

ЖАҢАРТЫЛҒАН ТЕМІР ЖОЛ ВОКЗАЛДАРЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ



Ай-Көркем МАҚЫШ,
«Semei tanu»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының вокзал инфрақұрылымын жаңғырту бағдарламасы аясында өңірдегі темір жол вокзалдарын жаңарту жұмыстары жалғасуда. Аталған бағдарлама бойынша республика көлемінде 124 вокзалды, оның ішінде Абай облысындағы 10 вокзалды жаңғырту көзделген.

Облыс әкімінің баспасөз қызметінің мәліметіне сүйенсек, жаңғырту жұмыстары «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының тапсырысымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Көлік министрлігінің, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның және Абай облысы әкімдігінің қолдауымен жүзеге асырылып жатыр.

Салтанатт жыйндасөз алған аймақ басшысы қайта жаңғыртылған вокзалдардың тұрғындар үшін маңызы зор екенін атап өтті. «Темір жол – еліміздің елді мекендерін өзара байланыстыратын стратегиялық маңызы бар көлік жүйесінің бірі. Сондықтан оның инфрақұрылымын жаңарту, жолаушыларға қолайлы жағдай жасау – уақыт талабынан туындайтын маңызды міндет. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев еліміздің көлік және логистика саласының әлеуетін арттыруға, теміржол инфрақұрылымын жаңғыртуға және жолаушыларға көрсетілетін қызмет сапасын арттыруға ерекше мән беріп келеді. Сондықтан вокзалдардың заманауи талаптарға сай жаңартылуы тұрғындардың сұранысына жауап беретін маңызды шешім болды деп есептейміз. Осы сәтті пайдаланып игі жобалардың жүзеге асуына үлес қосқан барлық азаматтар мен мамандарға облыс жұртшылығы атынан шынайы алғысымды білдіремін. Бүгін тоғыз жолдың торабында орналасқан Жарма ауданында

да үш бірдей жаңа вокзалды ашып отырмыз. Жаңа вокзалдар жолаушыларға жайлы жағдай жасап, Жарма ауданының одан әрі дамуына өз үлесін қоса берсін! Баршаңызды айтулы оқиғамен құттықтаймын! – деді Берік Уәли.

Аталған үш станция да өңірдің көлік жүйесінде ерекше орын алады. Станция арқылы Семей – Астана, Новосибирск – Алматы, Павлодар – Алматы, Семей – Қызылорда, Өскемен – Алматы бағыттарындағы жолаушылар пойыздары өтеді.

«Шар қаласындағы темір жол вокзалы 1982 жылы салынған. Жаңғырту барысында ғимараттың жалпы аумағы 413 шаршы метрден 654 шаршы метрге дейін ұлғайтылды. Бір қабатты нысан екі қабатты ғимаратқа айналып, ішкі кеңістігі жаңартылды. Лифт орнатылды. Жолаушыларға қызмет көрсету және күту орындары қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар вокзалда бұрын болмаған 716 метр болатын аралдық перрон салынды.

Үшбик станциясындағы темір жол вокзалы 1995 жылы салынған. Нысанға соңғы рет 2012 жылы күрделі жөндеу жүргізілген. Жаңғырту барысында вокзал ғимаратының жалпы аумағы 837 шаршы метрден 2011 шаршы метрге дейін ұлғайтылды. Ғимараттың ішкі бөлігі жаңартылып, жолаушыларды күтуге және қызмет көрсетуге арналған бөлмелер қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді.

Ал Жарма станциясындағы вокзал ғимараты 1996 жылы салынған. Техникалық тексеру нәтижесінде қолданыстағы ғимарат толық бұзылып, орнына жаңа вокзал салынды. Жаңа нысанның жалпы аумағы 217 шаршы метрден 347,7 шаршы метрге дейін кеңейтілді. Ішкі бөлмелер қайта жабдықталып, жолаушыларды күту және қызмет көрсету орындары заманауи талаптарға сәйкестендіріліп, 420 метр перрон жаңартылды.

Барлық үш вокзалда да жолаушылардың қауіпсіздігі мен жайлылығына, сондай-ақ ерекше қажеттіліктері бар азаматтар үшін қолжетімді орта қалыптастыруға баса назар аударылған», – делінген облыс әкімі баспасөз қызметінің ақпаратында.

Мақаншы ауданындағы Жалаңашкөл темір жол вокзалы ғимаратының ашылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Бекжан Бапышев қатысты.

Темір жол бекеті 1958 жылы салынған. Реконструкция барысында ғимараттың көлемі 89 шаршы метрден 527 шаршы метрге дейін кеңейтіліп, вокзалдың жалпы аумағы бұрынғыдан төрт есеге ұлғайған.

Ішкі бөлмелер қайта жабдықталып, жолаушыларды күтуге және қызмет көрсетуге арналған орындар заманауи талаптарға сәйкестендірілді. Әсіресе мүмкіндігі шектеулі азаматтардың нысанды өркін пайдалануына қажетті жағдайлар қарастырылған. Станциядағы жолаушылар ағыны күніне шамамен 118 адамды құрайды.

Жалаңашкөл станциясы Мақаншы ауданының көлік қатынасында маңызды рөл атқарады. Станцияда Астана – Достық, Алматы – Достық, Ақтоғай – Достық бағыттарындағы, сондай-ақ жазғы маусымдық Семей – Жалаңашкөл туристік пойызы қатынайды.

Жалпы, облыстағы темір жол вокзалдарын жаңғырту жұмыстары толық аяқталуға жақын. 7 темір жол вокзалы қайта жаңартылып, пайдалануға берілді. Облыс әкімінің баспасөз қызметінің мәліметінше, қыркүйек айында Семей, Аягөз қалалары мен Ақтоғай кентіндегі темір жол вокзалдарын пайдалануға беру жоспарланып отыр. Аталған жобалардың негізгі мақсаты – тұрғындар мен жолаушыларға барынша қолайлы орта қалыптастыру, қауіпсіздік деңгейін арттыру және теміржол қызметін заманауи талаптарға сәйкестендіру.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

АҚШ елшісі Семейде

Аймақ басшысы Берік Уәли Америка Құрама Штаттарының Қазақстан Республикасындағы елшісі Джули Стаффпен кездесті. Кездесуге АҚШ делегациясының өкілдері, оның ішінде АҚШ Энергетика министрінің Астанадағы елшіліктегі кеңсесінен Виктория Санчез және АҚШ елшілігінің DTRA қауіп-қатерлерді азайту жөніндегі кеңсесінің өкілі Джордан Сеймур қатысты.

Кездесу барысында Абай облысы мен АҚШ арасында ынтымақтастықты дамыту, экономикалық-гуманитарлық байланыстарды кеңейту, инвестициялық жобаларды іске асыру мәселелері талқыланды. Облыс әкімі Қазақстан мен АҚШ арасындағы стратегиялық әріптестіктің маңызын атап өтіп, өңірдің әлеуетіне, инвестициялық мүмкіндіктеріне тоқталып, аймақта шетелдік инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасалғанын айтты.

Қазіргі таңда Қазақстан мен АҚШ арасындағы қарым-қатынас Орталық Азиядағы маңызды, үлкен стратегиялық әріптестіктердің біріне айналды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен АҚШ арасындағы қарым-қатынастың бұрын-соңды болмаған деңгейге көтерілгенін атап өтті. Бұл екі ел арасындағы стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтып келе жатқанын көрсетеді. Екі елдің стратегиялық әріптестігінің маңызы әрі тарихи бағыты – ядролық қарусыздандыру және оны таратпау саласындағы ынтымақтастық. Бүгінде Семей полигоны екі елдің ядролық қаруды таратпау саласындағы ынтымақтастықтың халықаралық деңгейде мойындалған символына айналды. Биыл Семей полигонының жабылғанына 35 жыл толып отыр. Қырық жылға жуық уақытқа созылған ядролық сынақтардан жергілікті халық зардап шекті. Кешегі күні ядролық сынақтардың алаңына айналған Курчатов қаласы бүгін-



де Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес ғылым қалашығы ретінде қалыптасуға қадам басып келеді. Біздің өңірге қызығушылық танытып арнайы келгеніңіз үшін ризашылығымызды білдіреміз. Жаңадан құрылған Абай облысы барлық салада ынтымақтастыққа дайын, – деді Берік Уәли.

Елшінің өңірімізге сапары Семей полигонының жабылғанына 35 жыл толуына орай ұйымдастырылып отыр. Америкалық тарап Абай облысымен өртүрлі салада байланыс орнатуға мүдделі екенін жеткізді.

Бұл – менің Семейге, Абай облысына алғаш келуім. Жылы қабылдауыңызға алғыс білдіремін. Өзіңіз атап өткендей, екі жақты ынтымақтастыққа мүмкіндіктер мол. Кәсіпкерлік саласында, білім саласында серіктестік орнатуға болады. Өртүрлі бағдарламалар бар. Біз ертең Курчатов қаласына барамыз. Бұған дейін қалыптасқан ынтымақтастықты жоғары деңгейде жалғастырып, ары қарай дамыту үшін арнайы келіп отырмыз. Бірлесіп жұмыс істеуге дайынбыз, – деді Джули Стафф.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі



ҮКІМЕТ ҚҰРАМЫ ЖАСАҚТАЛДЫ



Қазақстанда Үкіметтің жаңа құрамы жасақталды. Мемлекет басшысының 2026 жылғы 3 қыркүйектегі Жарлықтарына сәйкес, Үкімет мүшелерінің басым бөлігі бұрынғы қызметтерін сақтап қалды. Сонымен, жаңа қызметтерге кімдер келді? Кімдер бұрынғы лауазымдарын сақтап қалды? Назарларыңызға жаңа Үкімет құрамын ұсынамыз.

НҰРЛЫБЕК НӘЛІБАЕВ – ҮКІМЕТ БАСШЫСЫНЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ
ҚАНАТ БОЗЫМБАЕВ – ҮКІМЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ
ҒАЛЫМЖАН ҚОЙШЫБАЕВ – ҮКІМЕТ АППАРАТЫНЫҢ БАСШЫСЫ
МҰХТАР ТІЛЕУБЕРДІ – ҚР СІМ МИНИСТРІ
ДӘУРЕН ҚОСАНОВ – ҚР ҚОРҒАНЫС МИНИСТРІ
ЕРЖАН СӘДЕНОВ – ҚР ІІМ МИНИСТРІ
СЕРІК ЖҰМАНҒАРИН – ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРІ
ЖАСЛАН МӘДИЕВ – ЖИ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ДАМУ МИНИСТРІ
МӘДИ ТАКИЕВ – ҚАРЖЫ МИНИСТРІ
НҰРЛАН САУРАНБАЕВ – КӨЛІК МИНИСТРІ
ЕРПАН СӨРСЕМБАЕВ – ӘДІЛЕТ МИНИСТРІ
МҰРАТ МҰХАНОВ – ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРІ
ЕРЛАН АҚКЕНЖЕНОВ – ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРІ
ЕРСАЙЫН НАҒЫСПАЕВ – ӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС МИНИСТРІ
ЖҰЛДЫЗ СҮЛЕЙМЕНОВА – ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРІ
АРМАН ШАҚАЛИЕВ – САУДА ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯ МИНИСТРІ
НҰРЖАН НҰРЖІГІТОВ – СУ ЖӘНЕ ИРРИГАЦИЯ МИНИСТРІ
АҚМАРАЛ ӘЛНАЗАРОВА – ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРІ
ӘЛІБЕК ҚҰАҢТЫРОВ – ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР МИНИСТРІ
АЙДАРБЕК САПАРОВ – АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ МИНИСТРІ
АСҚАРБЕК ЕРТАЕВ – ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӨЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРІ
ЕРБОЛ МЫРЗАБАСОЫНОВ – ТУРИЗМ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРІ
САСАТ НҰРБЕК – ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ МИНИСТРІ
АРМАН ҚЫРЫҚБАЕВ – МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРІ



Ай-Керім СӨРСЕНҚАЛИ,
«Semei tanu»

АЛҒАШҚЫ ПАРТИЯДАН АУҚЫМДЫ ӨНДІРІСКЕ ДЕЙІН

Ақтоғайдағы өндіріс осыдан он жылға жуық уақыт бұрын мыс концентратының алғашқы партиясын жөнелтуден басталған еді. 2017 жылы алғашқы мыс концентраты Ақтоғай-1 байыту фабрикасынан жөнелтілді. Осыдан кейін өндіріс біртіндеп қарқын алып, мамандар жаңа жабдықтарды меңгеріп, технологиялық үдерістерді жетілдіруге, өндірістің тұрақтылығы мен сенімділігін арттыруға күш салды. Өндіріс көлемі ұлғайған сайын кәсіпорынның өзі де жаңарып, мүмкіндігі кеңейе түсті.

2021 жылы Ақтоғай-2 байыту фабрикасының іске қосылуы өндірістің жаңа кезеңіне жол ашты. Екінші фабрика кешеннің өндірістік қуатын едәуір арттырды, бүгінде мұнда шамамен 500 мың тонна мыс өндірілді.

Ерекше айта көтерлігі, жаңа өндіріс орнын іске қосу кезінде алғашқы фабрикада жинақталған тәжірибе кеңінен пайдаланылды. Ақтоғай-2 қызметкерлерінің шамамен 40 пайызы – бұған дейін Ақтоғай-1-де еңбек еткен мамандар. Яғни алғашқы фабрикада қалыптасқан тәжірибе жаңа өндірістік қуаттарды игеруге берік негіз болды.

Бір жарым миллион тонна мыс – компания үшін орасан зор нәтиже. Оның артында Ақтоғайдың бүкіл командасының ауқымды еңбегі және технологиялық процесті елеулі жаңғырту жұмыстары тұр. Алғашқы кезеңде біз жаңа жабдықтарды игеріп, қажетті көрсеткіштерге қол жеткізуге ұмтылсақ, бүгінде фабрика жоғары сенімділікпен жұмыс істеп, автоматтандыру жүйесі айтарлықтай дамыды, – дейді №1 байыту фабрикасының өндірістік қызмет бастығы Дәурен Байжігітов.

Дәурен Байжігітовтің айтуынша, алғашқы жылдары негізгі міндет жабдықтарды толық меңгеріп, өндірісті қажетті технологиялық көрсеткіштерге шығару болды. Бүгінде үдерістердің едәуір бөлігі автоматтандырылған. Ал жылдар бойы жинақталған тәжірибе екі фабриканың да тұрақты әрі сенімді жұмыс істеуіне мүмкіндік беріп отыр.

ӨРІСІ КЕҢЕЙГЕН АҚТОҒАЙ

KAZ Minerals-тың Ақтоғай кен орнының өндірістік шежіресіне тағы бір айтулы көрсеткіш қосылды. Кәсіпорын іске қосылғаннан бері мұнда сульфидті кеннен 1,5 млн тонна мыс өндірілді. Оның 1 млн тоннасы Ақтоғай-1, 500 мың тоннасы Ақтоғай-2 байыту фабрикасында өндірілген. KAZ Minerals баспасөз қызметінің хабарлауынша, бұл – кен өндіруден бастап оны өңдеуге дейінгі барлық кезеңде еңбек етіп жүрген Ақтоғай өндірістік кешеніндегі екі байыту фабрикасы ұжымының жылдар бойғы еңбегінің нәтижесі.



ӘЛЕМДІК ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯ

Екі ірі байыту фабрикасын біріктіретін кешенді ауқымы өндірілген мыс көлемінен ғана емес, кеннің кәсіпорын ішіндегі күрделі технологиялық өңделу жолынан да аңғаруға болады. Мұндағы мамандар көлемі мен мүмкіндігі жағынан әлемде ең ірі саналатын бірқатар жабдықтармен жұмыс істейді.

Фабрикаларда сағатына 4 мың тоннадан астам кенді өңдей алатын әлемдегі ең ірі конусты ұсатқыштар орнатылған. Технологиялық желіде диаметрі 13 метрге дейін жететін, редукторсыз жетекті жарытпай өздігінен ұнтақтайтын әлемдегі ең ірі диірмендердің екіншісі қолданылады. Диаметрі 8,5 метр болатын шар диірмендері де әлемдегі ең ірі жабдықтардың қатарына жатады.

Алайда қуатты жабдықтың тиімді жұмысы бір ғана техниканың мүмкіндігіне байланысты емес. Кешендегі әрбір учаске өзара тығыз байланысты. Заманауи тау-кен техникасы қарьерден фабрикаларға кеннің тұрақты жеткізілуін қамтамасыз етеді. Одан әрі шикізат бірнеше кезеңнен өтіп, мыс кон-



центратына айналады. Өндірістің бір буынындағы ақау келесі үдерістерге әсер етуі мүмкін. Сондықтан техниканың сенімділігімен қатар мамандардың үйлесімді жұмысы да аса маңызды.

Бұл ретте цифрлық технологиялардың маңызы артып келеді. Автоматтандырылған жүйелер технологиялық көрсеткіштерді нақты уақыт режимінде бақылауға, ұнтақтау және флотация үдерістерін қадағалауға, мәліметтерді талдауға және өндірістерді өзгерістерге жедел жауап беруге мүмкіндік береді.

Келесі қадам – жасанды интеллект технологияларын пайдалану. Қазір Ақтоғай-2 фабрикасында өндірістік көрсеткіштерді талдап, жабдықтардың оңтайлы жұмыс режимдерін анықтауға көмектесетін жүйелер сынақтан өткізіліп жатыр. Бұл тек өзгерістерді бақылап қана қоймай, ықтимал ауытқуларды алдын ала анықтап, жабдық жұмысын дер кезінде реттеуге мүмкіндік береді.

КӘСІБИ МАМАН – ӨНДІРІС ТЕТІГІ

Алайда технология қанша дамығаны-



мен, өндірістің тиімділігі, күрделі жабдықтардың дұрыс әрі нәтижелі жұмыс істеуі, цифрлық жүйелердің тиімді қолданылуы ең алдымен мамандардың білімі мен тәжірибесіне байланысты.

– Жаңа технологиялардың енгізілгені жақсы. Бірақ кез келген жаңа технологияның артында кәсіби маман тұруы керек. Ол технологиямен қалай жұмыс істейді де, оны дұрыс баптауды да білуі қажет, – дейді №2 байыту фабрикасының өндірістік қызметінің басшысы Алтынбек Ысқақов.

Байыту кешенінде әр бөлімнің атқаратын міндеті айқын. Операторлар жабдықтардың жағдайын және технологиялық талаптардың сақталуын бақылайды. Технологиер өндірістік үдерістерді жүргізуге жауап береді. Инженерлер олардың тиімділігін арттыру жолдарын қарастырады. Ал жөндеу қызметтері техниканың жарамдылығын қамтамасыз етеді. Өз кезегінде тау-кен департаментінің мамандары байыту фабрикаларына кеннің тұрақты жеткізілуін ұйымдастырады.

Технология дамыған сайын мамандарға қойылатын талап та өзгеріп келеді. Байыту кешенінің қызметкерлері жаңа жаб-

дықтарды, цифрлық жүйелерді және өндірісті басқарудың заманауи тәсілдерін үнемі меңгеріп отыруы қажет. Сондықтан кәсіби біліктілікті арттыру өндірістік техниканы жаңғырту секілді маңызды бағытқа айналған.

Бұл ретте Ақтоғай-1-де жинақталған тәжірибенің орны бөлек. Екінші фабриканы іске қосу кезінде мамандар алғашқы фабрикада іске қосу-баптау жұмыстарынан бастап өндірісті тұрақты жүргізуге дейінгі жолдан өткен әріптестерінің тәжірибесіне сүйенді. Осы сабақтастық жаңа өндірістік қуаттарды игеруге негіз болды.

– Біз үшін бұл көрсеткіш ең алдымен командалық жұмыстың маңызын көрсетеді. Мұнда қауіпсіздік, мамандардың біліктілігі, бөлімшелер арасындағы өзара байланыс және ортақ мақсатқа ұмтылу маңызды рөл атқарды. Біз бұл жетістікті бірінші немесе екінші фабрикаға бөліп қарамаймыз. Бұл – барша Ақтоғай ұжымының ортақ еңбегі, – дейді Алтынбек Ысқақов.

ӨНДІРІС ҚУАТЫ АРТА БЕРМЕК

Ақтоғайда өндірілген 1,5 млн тонна мыс – кәсіпорын тарихындағы елеулі көрсеткіштердің бірі. Дегенмен өндіріс мұнымен тоқтап қалмайды. Кешенде жабдықтарды жетілдіру, автоматтандыру аясын кеңейту, цифрлық құралдарды енгізу және жасанды интеллект негізіндегі шешімдерді сынақтан өткізу жұмыстары жалғасып жатыр.

Бұл өзгерістер өндірістік көрсеткіштерден де анық байқалады. 2025 жылы Ақтоғайда 62,1 млн тонна кен өңеліп, кәсіпорын іске қосылғаннан бергі ең жоғары жылдық көрсеткіш тіркелді.

Мұндай көлемнің артында өндірісті ұлғайту ғана емес, жұмысты барынша дәл, тиімді әрі тұрақты жүргізудің жаңа жолдарын үздіксіз іздеу жатыр. Өндіріс көлемі арқан сайын тиімділікке қойылатын талап күшейеді. Ал тиімділікті арттыру жаңа технологияларды қажет етеді. Жаңа технологиялар өз кезегінде мамандардың білімі мен кәсіби дайындығына қойылатын талапты арттыра түседі.

Абай облысы үшін Ақтоғай – өңірдің тау-кен металлургия саласындағы ірі өндіріс орындарының бірі. Кәсіпорынның бүгінгі көрсеткіштері заманауи өнеркәсіптің мүмкіндігін аңғартса, өндірісте цифрлық шешімдердің кеңінен қолданылуы дәстүрлі тау-кен саласының жаңа технологиялармен бірге дамып келе жатқанын көрсетеді.

Облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен кезекті әкімдік отырысы өтті. Жиында облыстың елді мекендерінің қала құрылысы құжаттамасын әзірлеудің жай-күйі мен орындалуы, инфрақұрылым нысандарының мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қолжетімділігін қамтамасыз ету және бейімдеу, сондай-ақ «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасын іске асыру барысы қаралды. Отырысқа облыстық басқарма басшылары, өңірлік департамент жетекшілері қатысты. Аудан және қала әкімдері бейнережим арқылы қосылды.

КҮН ТАҚЫРЫБЫ - ӨҢІРДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Ай-Көркем МАҚЫШ,
«Semei tanu»

ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ ҚҰЖАТТАМАСЫ НАЗАРДА

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының басшысы Әнуар Бейсенов баяндады.

Басқарма басшысы айтып өткендей, өңірде елді мекендердің бас жоспарлары мен егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілуде. Басты міндет – қала құрылысы құжаттамасын белгіленген мерзімде аяқтап, цифрлық форматқа көшіру.

Семей қаласында бас жоспарға түзету енгізу жұмыстары бекітілген кестеге сәйкес жүргізілуде. Жұмыстарды 2026 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланған. Сонымен қатар жаңа әкімшілік-іскерлік орталық, 15-шағын аудан және Қарағайлы тұрғын ауданы бойынша егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары әзірленуде. Қолданыстағы 9 жоба бойынша да түгендеу жүргізіліп, оларды жаңа бас жоспарға сәйкестендіру көзделіп отыр. Құрчатов және Шар қалаларында қала құрылысы құжаттамасына түзету енгізуге қажетті қаржы қарастырылған. Қазіргі уақытта жобалар бойынша сатып алу рәсімдері жүргізілуде, – деді Әнуар Бейсенов.

Алақөл жағалауын дамыту бойынша бірқатар жұмыс атқарылған. 3 мың гектар аумақтың топографиялық түсірілімі жүргізіліп, негізгі жоспарлау, көлік және инженерлік шешімдер әзірленді. Бақты ауылының бас жоспары бойынша да негізгі жобалық шешімдер қабылдастырылды. 7 350 гектар аумақтың топографиялық түсірілімі жасалып, даму тұжырымдамасы әзірленді.

Жалпы, облыс бойынша қала құрылысы құжаттамасын әзірлеу барысына тұрақты мониторинг жүргізілуде. Аймақ басшысы қала құрылысы құжаттарын әзірлеу жұмыстарын жеделдетіп, Семей, Аягөз, Құрчатов және Шар қалаларындағы жобаларды белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды.

Біздің басты мақсатымыз – қолданысқа енген жаңа Құрылыс кодексі талаптарын қатаң сақтау және орындау. Сонымен қатар облыстың елді мекендерінің Бас жоспарларын жобалау және құрылыс салу, тұрғын аудандарды қалыптастыру, жаңадан игерілетін және реконструкцияланатын аумақтарды абаттандыру кезінде халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін тұрғын, қоғамдық және өндірістік құрылыс объектілерінің және олардың үй-жайларының қолжетімді болуын қамтамасыз ету. Сондай-ақ тұрғын аймақ шеңберінде қызмет көрсету мекемелері мен еңбек объектілерінің жанында орналастырылатын жеңіл автомобильдерді уақытша қоюға арналған ашық тұрақтарды жобалау және салу кезінде халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарының жеке автокөлік құралдары үшін орындарды қарастыру міндет, – деді Берік Уәли.

ҚОЛЖЕТІМДІ ОРТА – ҚОҒАМ ТАЛАБЫ

Әкімдік отырысында қаралған тағы бір мәселе – мүгедектің бар азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету және қолжетімді орта қалыптастыру бағытында өңірде атқарылып жатқан жұмыстар туралы облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарла-



маларды үйлестіру басқармасының басшысы Айман Нұрлыбек ақпарат берді.

Айман Нұрлыбектің айтуынша, өңірде мүгедектің бар азаматтардың құқықтарын қорғау, олардың қоғамдық өмірге толыққанды қатысуына жағдай жасау және кедергісіз орта қалыптастыруға бағытталған шаралар жүйелі жүргізілуде.

2023–2027 жылдарға арналған жол картасына сәйкес, облыста жалпы 1 255 нысанда бейімдеу жоспарланған. Бүгінде оның 991-і толық бейімделіп, белгіленген жоспардың 79 пайызы орындалды. Быыл 200 нысанда бейімдеу көзделген. Қазіргі таңда 130 нысан, яғни 65 пайызы тиісті талаптарға сәйкестендірілді. Олардың қатарында білім беру және денсаулық сақтау ұйымдары, мәдениет пен спорт нысандары, әкімшілік ғимараттар бар. Сонымен бірге әлеуметтік маңызы бар жеке нысандардың да қолжетімділігін қамтамасыз етуге мен берілуде.

Сонымен қатар мүгедектің бар азаматтардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында сайлау учаскелерінің қолжетімділігіне мониторинг жүргізілген. Облыстағы 429 ашық сайлау учаскесінің 396-сы Қолжетімділік картасына енгізілді.

Облыс әкімі аталған бағыттағы жұмыстарды жеделдетіп, белгіленген мерзімде аяқтауды, анықталған кемшіліктерді жоюды және қолжетімділік талаптарының сақталуын қатаң тексеруді міндеттеді.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»: АУҚЫМДЫ ЖҰМЫСТАР АТҚАРЫЛДЫ

Әкімдік отырысында «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасын жүзеге асыру барысы да қаралды. Бұл мәселе бойынша облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Марат Теміржанов пен Полиция департаменті бастығының орынбасары Жасұлан Байкенов баяндады.

Жасұлан Байкеновтің мәліметінше, быыл 4 сәуірден бастап облыстың барлық елді мекендерінде санитарлық тазалық жұмыстары жүргізілуде. Сенбіліктерге 315 мыңнан астам тұрғын қатысып, 6 842 ұйым мен 3 017 техника жұмылдырылды. Нәтижесінде 38 мың аула, 1134 саябақ пен сквер тазартылып, полигондарға 52 216 тонна қоқыс шығарылды.

Өңірлік жоспарға сәйкес 67 мың ағаш көшетін отырғызу көзделсе, қазіргі уақытқа дейін оның 60 мыңы егілді. Ендігі міндет – отырғызылған көшеттердің жерсінуді қамтамасыз етіп, оларды күтіп-баптау жұмыстарын тиісті деңгейде ұйымдастыру.

«Таза Қазақстан» экологиялық мәдениетін дамыту тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі облыстық іс-қимыл жоспарына 44 іс-шара енгізілген. Оның ішінде быыл 32 іс-шара жоспарланып, 18-і бірінші және екінші тоқсандарда жүзеге асырылды. Рұқсат етілмеген қоқыс орындарын жою бойынша тиісті жұмыс жүргізілуде. Быыл «Қазақстан Ғарыш Сапары» АҚ жүргізген ғарыштық мониторинг нәтижесінде облыс аумағында 141 қоқыс үйіндісі анықталған. Оның 133-і, яғни, 94 пайызы жойылды. Сонымен қатар кейбір тазартылған орындарда қоқыстың қайта пайда болу жағдайлары тіркеліп отыр. Қайталама қоқыс орындарының пайда болуына жол бермеу мақсатында бірқатар аудандарда бейнебақылау камералары орнатылды.

Экологиялық тәртіпті қамтамасыз ету бағытында быыл облыс аумағында 2450-ден астам рейдтік іс-шара өткізіліп, 9085 құдық бұзушылық анықталды. 37 млн 691 мың 510 теңгеге 941 айыппұл салынды.

Облыс әкімі «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыруды тапсырды. Көгалдандыру жоспарын толық орындау, отырғызылған көшеттердің жерсінуді мен күтімін бақылау, заңсыз қоқыс орындарының қайта пайда болуына жол бермеу, @TazaQazBot арқылы түскен өтініштерді жедел қарау, абаттандыру талаптарының сақталуын қамтамасыз ету, рейд шараларын жалғастыру және тұрғындар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту қажеттігін айтты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ғалымдарды марапаттау кезінде «Таза Қазақстан» қоғамдық сананы жаңғыртуға бағытталған жоба екенін атап өтті. Біздің міндет – өткізілген сенбіліктер мен акциялардың санын көбейту ғана емес, тазалықтың тұрақтылығын қамтамасыз ету, отырғызылған көшеттердің жерсінуді бақылау жасау, заңсыз қоқыс орындарының қайта пайда болуына жол бермеу және тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру. Осы күнге дейін облысымызда Президент бастамасы бағытында ауқымды жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда, 3 жылда облыс бойынша 194 402 ағаш егілді, 454 ретсіз қоқыс орындары тазартылып, екі мыңға жуық тазалық шаралары өтті, – деді Берік Уәли.

Аймақ басшысы бұл бағыттағы жұмыстарды жалғастыру қажеттігін айтып, алдағы сенбіден бастап әр сенбі сайын сенбіліктер өткізілетінін жеткізді. Ол тазалық пен қоршаған ортаны қорғау ісіне тұрғындар, ұйымдар мен мекемелердің барынша белсенді атсалысуы маңызды екенін атап өтті.



ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ: ЖАҢА БЕЛЕС

Соңғы жылдары «Семей медицина университеті» КеАҚ университет госпиталі өз мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтіп, практикалық денсаулық сақтау, білім беру және ғылым бағыттарын бір арнаға тоғыстырып келеді.

Университет госпиталінің бүгінгі нәтижелері, жаңа жобалары және дамудың басты мақсаты – қазіргі заманғы медициналық көмектің барынша кең спектрін облыс тұрғындарына қолжетімді ету туралы «Семей медицина университеті» КеАҚ Басқарма төрағасы – Ректор Алтай ДЮСУПОВ айтып берді.

– Алтай Ахметқалиұлы, жоғары білікті медицина мамандарын даярлаудың негізінде қандай басты қағидаттар жатыр және оларды жүзеге асыруда университет госпиталінің рөлі қандай?

– Жоғары білікті медицина мамандарын даярлаудың негізгі қағидаты – ғылым, білім және практикалық қызметтің ұштаған бірлігі. Бұл ретте клиникалық практика айрықша маңызға ие. Себебі дәл осы практика болашақ дәрігерлерге алған теориялық білімдерін тәжірибеде қолдануға, кәсіби дағдыларын жетілдіруге және қажетті практикалық тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, университет госпиталінің болуы – білім беру үдерісін, ғылыми қызметті және клиникалық практиканы тиімді ықпалдастыруды қамтамасыз ететін, дәрігерлерді сапалы даярлауға жағдай жасайтын аса маңызды ресурс.

– Бүгінде университет госпиталін Абай облысындағы жетекші медициналық орталықтардың бірі деп атайды. Бұл мәртебенің артында не тұр?

– Ең алдымен, бұл – өңір тұрғындары алдындағы жауапкершілік. Бүгінде университет госпиталі – тек ірі көпбейінді клиника ғана емес, сонымен қатар медициналық, білім беру және ғылыми орталық.

Госпитальда емдеу қызметі, білім беру үдерісі, ғылыми зерттеулер және заманауи медициналық технологияларды енгізу өзара ықпалдасырылған. Біздің 480 төсегіміз, тәулік бойы жұмыс істейтін стационардың 16 клиникалық бөлімі, 60 төсекке арналған күндізгі стационар, консультативтік-диагностикалық емхана және 10 параклиникалық бөлімше бар.

Университет госпиталі халыққа шұғыл және жоспарлы медициналық көмекті тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі шеңберінде көрсететінін атап өткен жөн. Госпитальдің ерекшелігі – мұнда Семей өңірі үшін бірқатар бірегей мамандандырылған бөлімшелер шоғырланған. Олар – балалар хирургиясы, балалар және ересектер оториноларингологиясы, балалар және ересектер жақ-бөс хирургиясы, балалар неврологиясы, гибриді және тамыр хирургиясы.

Сондықтан бүгінде біз жай ғана төсек немесе бөлімше саны туралы айтып отырған жоқпыз. Біз Абай облысында мамандандырылған және жоғары технологиялық медициналық көмектің кең спектрін көрсетуге қабілетті дербес құзыреттер орталығын қалыптастыру туралы айтып отырмыз.

– Госпиталь мүмкіндіктерінің кеңейіп отыратынын басқа қалаларға жіберу қажеттілігін азайтады деп айтуға бола ма?

– Иә, университет госпиталінің мүмкіндіктерін кеңейту өңірдегі медициналық көмектің қолжетімділігіне тікелей әсер етеді. Біздің стратегиялық міндетіміз – Абай облысының тұрғыны қажетті мамандандырылған және жоғары технологиялық медициналық көмекті тұрғылықты жеріне барынша жақын жерде ала алатындай жағдай жасау.

Бүгінде госпитальда кардиохирургия, тамыр және гибриді хирургия,



нейрохирургия және басқа да күрделі бағыттар дамып келеді. 2026 жылы жоғары технологиялық медициналық көмектің 16 түрі бойынша 194 жоғары технологиялық операция жасау жоспарланған.

Сонымен қатар диагностикалық базаны және рентгенэндоваскулярлық қызметті айтарлықтай күшейтіп жатырмыз. Сондықтан госпитальдың дамуы пациенттің тікелей облыс аумағында ала алатын медициналық қызметтердің тізімін объективті түрде кеңейтеді және осылайша медициналық көмектің жекелеген түрлерін алу үшін басқа өңірлерге жүгіну қажеттілігін азайтады. Сонымен бірге пациенттерді басқа жаққа жіберуден толық бас тарту туралы айтпас едім. Күрделі жағдайларда республикалық орталықтармен өзара іс-қимыл әрдайым қажет. Біздің міндетіміз – қазіргі заманғы медициналық көмектің барынша мүмкін көлемін өңірдің өзінде қамтамасыз ету.

– Госпитальдің материалдық-техникалық базасында қандай өзгерістер болды?

– 2026 жыл жабдықтарды жаңғырту тұрғысынан өте маңызды жыл болды. Диагностиканың жоғары дәлдіктегі мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтетін заманауи 256 кесінділі компьютерлік томограф сатып алынды. Кардиохирургиялық және рентгенэндоваскулярлық қызметтер күшейтілді – жасанды қанайналым аппараты және заманауи ангиографиялық қондырғы сатып алынды. Операциялық блоктар үш заманауи Mindray наркоз-тыныс алу аппаратымен жабдықталды.

Алайда жабдық – тек құрал. Оның басты құндылығы – сол құралдың мүмкіндіктерін диагностика мен емдеуде тиімді пайдалана алатын мамандардың болуы. Сондықтан материалдық-техникалық базаны жаңғырту бізде әрдайым кадрлық әлеуетті дамытумен қатар жүреді.

– Жабдықтардың жаңаруы пациентке тікелей қалай әсер етеді?

– Пациент үшін бұл, ең алдымен, өңірдің өзінде дәлірек диагностикадан өтіп, заманауи ем алу мүмкіндігі. Заманауи КТ диагностикалық мүмкіндіктерді кеңейтуге мүмкіндік береді, ангиографиялық қондырғы рентгенэндоваскулярлық бағытты күшейтеді, ал операциялық блоктардың жаңа жабдықтары хирургиялық араласулардың қауіпсіздігін арттырады. Яғни жаңғырту – жай ғана техниканы жаңарту емес. Бұл диагностика мен емдеуді бастау арасындағы уақытты қысқарту, заманауи технологияларды қолдану мүмкіндігі және соның нәтижесінде медициналық көмектің сапасын арттыру.

– Биыл университет госпиталінде госпитальдік фармация бөлімі ашылды. Оның маңызы неде?

– Госпитальдік фармация бөлімінің ашылуы дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді жетілдірудегі маңызды қадам

болды. Оның міндеті – дәрілік заттарды пайдаланудың тиімділігін арттыру, бақылауды күшейту және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жүйесін заманауи деңгейге көтеру.

Біз фармацияны медициналық көмектің сапасын қамтамасыз ету жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырамыз. Өйткені тиімді емдеу – тек дұрыс қойылған диагноз бен жасалған операция ғана емес, сонымен бірге дәрілік препараттарды ұтымды, қауіпсіз әрі уақтылы қолдану. Мұндай бөлімшенің құрылуы – емдеу сапасын басқарудың заманауи моделіне жасалған тағы бір қадам.

– Бүгінде шалғай аудандардың тұрғындарына медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру мәселесі туралы көп айтылады. Госпитальда бұл бағыттағы жұмыс қалай ұйымдастырылған?

– Университет госпиталінің мамандары жыл сайын санитариялық авиация арқылы 60-тан астам рет шалғай елді мекендерге барып, ауылдық жерлердегі пациенттерге шұғыл көмек көрсетеді. Сонымен қатар еліміздің және шетелдің жетекші сарапшыларымен 80-нен астам телемедициналық консультация өткізіледі. Бұл – өте маңызды бағыт. Бүгінгі таңда заманауи медицина тек физикалық тұрғыдан ғана емес, технологиялық жағынан да қолжетімді болуы тиіс.

Сонымен қатар біздің мамандарымыз жыл сайын мобильді медициналық бригадалар құрамында шалғай аудандарға тұрақты түрде шығып тұрады. Олар консультативтік-диагностикалық қабылдаулар өткізіп, мамандандырылған медициналық көмек көрсетеді, пациенттерді тексеріп, әрі қарай емдеу едісі бойынша ұсынымдар береді.

Мұндай сапарлардың ірі медициналық орталықтардан шалғай орналасқан елді мекендердің тұрғындары үшін маңызы зор. Себебі бұл пациенттерге білікті медициналық көмекті тікелей тұрғылықты жерінде алуға мүмкіндік береді.

Мобильді бригадалардың жұмысы ауруларды ерте анықтауға, пациенттерді қосымша тексеруге және емдеуге уақтылы жолдауға, сондай-ақ ауылдық жерлердегі медициналық көмектің сапасын арттыруға ықпал етеді.

Осылайша, біз госпитальдың медициналық мүмкіндіктерін іс жүзінде оның қабырғасынан тыс әлдеқайда кеңейтіп отырмыз.

– Жеке бағыттың бірі – халықаралық ынтымақтастық. Жапониямен бірлескен жоба госпитальға не берді?

– Халықаралық ынтымақтастық біз үшін, ең алдымен, үздік тәжірибелерді зерделеп, заманауи шешімдерді енгізу мүмкіндігі. Жапония үкіметінің қолдауымен «Шөп тамыры» атты өтеусіз көмек бағдарламасы аясында жоба жүзеге асырылды. Жоба шеңберінде университет госпиталі мен Радиациялық медицина және экология ғылыми-зерт-

теу институты медициналық персоналды шақырудың заманауи жүйелерімен жабдықталды. Бұл жүйелерге әр пациенттің төсегінің жанында, санитариялық бөлмелерде және пациенттер болатын басқа да орындарда орнатылған шұғыл шақыру және қауіпсіздік батырмалары кіреді. Игерілген гранттың қаражатын жалпы көлемі 43 миллион теңгеден асты.

Бір қарағанда, бұл техникалық жоба сияқты көрінуі мүмкін. Алайда персоналды шақыру жүйелері пациенттің қауіпсіздігімен және медицина қызметкерлерінің жедел әрекет етуімен тікелей байланысты.

Біз үшін халықаралық жобаның пациенттердің қауіпсіздігі мен мейіргерлік күтім сапасын арттыруға күнделікті нақты үлес қосатын практикалық нәтиже айналығаны маңызды.

– Ең ауқымды жобалардың бірі – нейроинсульт орталығын құру. Оның өңірге қажеттілігі неде?

– Заманауи нейроинсульт орталығын құру – университет госпиталін дамытудың ең маңызды жобаларының бірі. Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлнәзарова мен Абай облысының әкімі Берік Уәлидің қолдауымен ауданы 2 565,2 шаршы метр болатын жеке ғимарат Семей медицина университетінің меншігіне берілді.

Алдағы уақытта орталықты Жапония үкіметінің гранттық қаражаты есебінен МРТ, КТ және ангиографиялық қондырғымен жабдықтау жоспарланып отыр. Өңір үшін бұл – аса маңызды жоба. Мидың қанайналымы жедел бұзылған жағдайда диагностика мен емдеуді бастаудың жылдамдығы аса зор маңызға ие. Мамандандырылған орталық құру қажетті құзыреттерді, жабдықтар мен мамандарды бір жерге шоғырландырып, инсультпен ауыратын пациенттерге медициналық көмек көрсетуді сапалы жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Бүгінде алдымызға қойған міндет – ми қанайналымының жіті бұзылыстары бар пациенттерге көрсетілетін ең күрделі медициналық көмектің Абай облысының өзінде барынша қолжетімді болуына жағдай жасау.

МРТ, КТ және ангиографиялық қондырғымен жоспарланған жабдықтау мұндай пациенттерді диагностикалау мен емдеудің толыққанды технологиялық базасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде пациент диагностикадан жылдамдық өтіп, басқа өңірге табысмағанда кететін қымбат уақытты жоғалтпай, мамандандырылған медициналық көмек ала алады.

– Госпиталь мен медициналық университеттің функциялары қалай үйлеседі?

– Университет госпиталінің бірегейлігі де осында. Біз бір мезетте медициналық көмек көрсетіп, болашақ мамандарды даярлаймыз. Госпиталь – Семей медицина университетінің студенттер, интерндер, резиденттер, магистранттар мен докторанттар білім алатын ма-

ңызды клиникалық базасы. Мұнда ғылыми зерттеулердің нәтижелері мен заманауи клиникалық технологиялар да енгізіледі.

Осылайша, біртұтас жүйе қалыптасады: студент практикалық білім алады, дәрігер біліктілігін жетілдіреді, ғалым ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін тәжірибеге енгізуге мүмкіндік алады, ал пациент диагностика мен емдеудің заманауи әдістерін алады.

Білім, ғылым және практикалық денсаулық сақтаудың дәл осындай интеграциясы – университеттік клиниканың басты артықшылықтарының бірі. Клиникалық базаның дамуы медицина қызметкерлерінің кәсіби тұрғыдан өңірдің өзінде өсуіне жағдай жасайды.

Госпитальда жаңа жабдықтар, жаңа операциялар мен жаңа бағыттар пайда болған кезде маман заманауи технологияларды меңгеруге, күрделі клиникалық жағдайларға қатысуға және жинақтаған тәжірибесін бас дәрігерлерге беруге мүмкіндік алады.

Осылайша біз медициналық көмекті бүгін дамытып қана қоймай, сонымен бірге облыстың денсаулық сақтау саласының болашақ кадрлық әлеуетін қалыптастырамыз.

– Университет госпиталінің Абай облысының дамуына қосып отырған ең басты үлесі ретінде нені ата едіңіз?

– Мен бірнеше бағытты атап өтер едім. Біріншісі – мамандандырылған және жоғары технологиялық медициналық көмекті тікелей өңірдің өзінде қолжетімді ету.

Екіншісі – өзіндік медициналық сараптаманы дамыту. Университет госпиталінде өңір үшін бірегей бейінді бөлімшелер жұмыс істейді, жоғары технологиялық хирургия дамып, диагностикалық база жаңғыртылуда.

Үшіншісі – кадрларды дамыту. Университеттік клиника ретінде біз бір мезетте мамандар даярлап, қолданыстағы медицина қызметкерлерінің кәсіби әлеуетін арттырамыз.

Төртіншісі – заманауи технологиялар мен халықаралық тәжірибені енгізу. Жалпы алғанда, мұның барлығы университет госпиталінің Абай облысының денсаулық сақтау саласын дамытудың негізгі қозғаушы күштерінің біріне айналып келе жатқанын білдіреді. Біздің клиникалық базамыз қаншалықты мықты болса, өңір тұрғындары үшін де соншалықты көп мүмкіндік жасай- мыз.

– Соңғы сұрақ. Бірнеше жылдан кейін университет госпиталін қандай деңгейде көргізіз келеді?

– Мен университет госпиталін пациент заманауи мамандандырылған және жоғары технологиялық медициналық көмектің барынша кең спектрін ала алатын толыққанды өңірлік медициналық құзыреттер орталығы ретінде көргім келеді.

Бұл ретте біздің міндетіміз – тек өз дамуымызбен шектеліп қалмау. Госпиталь дәрігерлер үшін тартымды орталық, студенттер мен жас мамандар үшін білім беру алаңы, ғылыми зерттеулер үшін база және облыстың барлық медициналық ұйымдары үшін серіктес болуы тиіс.

Біз облыс тұрғындарының, күрделі диагностика немесе жоғары технологиялық емдеу қажет болған жағдайда, ең алдымен, бұл көмекті өз өңірінде алуға мүмкіндігі бар екенін түсінгенін қалаймыз.

Мен университет госпиталін дамытудың негізгі мәнін дәл осыдан көре- мін: медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыру, сонымен қатар бүкіл облыстың медициналық әлеуетін нығайту.

Егер госпитальдың дамуының арқасында адам қажетті диагностика мен емді үйіне жақын жерде ала алса, егер күрделі операцияны Семейде жасауға мүмкіндік болса, егер жетекші орталықтың маманы консультацияға қашықтан қосыла алса – онда біздің жұмысымыздың нақты нәтижесі бар деген сөз.

Абай облысының тұрғындары үшін заманауи медициналық көмектің қолжетімді болуы – университет госпиталінің табыстылығын бағалаудың басты көрсеткіші деп есептеймін.

– Әңгімеңізге рақмет, Алтай Ахметқалиұлы!

Сұхбаттасқан
Руза АСАНҚЫЗЫ,
«Semei tanu»



АБАЙ ЖЕДЕЛ ҚЫЗМЕТКЕ – ЖАҢА КӨЛІК

Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, полиция департаментінің қолдауымен аудандық полиция бөліміне кезекші бөлімнің жедел қызметтік жұмысына арналған «Газель» автокөлігі берілді.

Аталған көлік қылмыс болған жерге жедел-тергеу тобының уақытылы жетуін қамтамасыз етуге арналған. Автокөліктің іші заманауи талаптарға сай толық жабдықталып, қызметкерлердің жедел әрі сапалы жұмыс атқаруына қажетті жағдай жасалған.

Жалпы, ағымдағы жылы аудандық полиция бөліміне 5 қызметтік автокөлік берілді. Бүгінде аталған көліктердің барлығы өз мақсатында тиімді пайдаланылып, полиция қызметкерлерінің жедел қызметін қамтамасыз етуге жұмылдырылуда.

СПОРТШЫЛАР ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНДА

Абай ауданының спортшылары ел ішіндегі және халықаралық додаларда жоғары нәтиже көрсетіп, аудан абыройын асқақтатып жүр.

Солардың бірі – Алтынбек Көкітаев. Алтынбек Серікұлы Швейцарияның Лозанна қаласында өткен «Ecole Mont-Olivet Deaf Judo Masters Top 18 Lausanne 2026» халықаралық сурдодзюдо турнирінде жүлделі ІІІ орынға ие болып, қола медаль еншіледі.

Сонымен қатар Орал қаласында ерлер мен әйелдер арасында дзюдодан Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Ел чемпионатында Абай ауданының тумалары Мәди Серіков 60 келі салмақ дәрежесінде ІІ орын иеленсе, Есентай Имаханов 66 келі салмақта ІІІ орынға табан тіреді.

АҚСУАТ

ДЗЮДОДАН ОБЛЫСТЫҚ ТУРНИР

Ақсуат ауданының Ойшілік ауылында 2009-2010 жылы туған жасөспірімдер арасында дзюдодан Уәли Құрманғалиұлын еске алуға арналған І ашық облыстық турнир өтті.

Екі күнге созылған жарысқа еліміздің әр өңірлерінен 160-тан астам жас спортшы қатысты. Олардың қатарында халықаралық және республикалық жарыстардың, әлем және Азия чемпионаттары мен Азия ойындарының жеңімпаздары мен жүлдегерлері бар.

Турнирдің ашылу салтанатында Уәли Құрманғалиұлының жары мен ұлы жарысқа қатысушыларға алғысын білдіріп, турнирдің алдағы уақытта да жыл сайын дәстүрлі түрде өтетінін жеткізді.

Жарыс жеңімпаздары арнайы естелік медаль және қаржылай сыйақымен марапатталды.

ЖАРМА

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ НАЗАРДА

Жарма ауданында өрт қауіпті кезеңде дала өрттері мен жанулардың алдын алу мақсатында рейдтік және профилактикалық жұмыстар жалғасуда.

Төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері егін жинау жұмыстары жүріп жатқан аумақтарды, шаруа қожалықтары мен ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын аралап, өрт қауіпсіздігі талаптарын түсіндірді. Құрғақ шөп пен өсімдік қалдықтарын өртеуге жол бермеу және техникаларды алғашқы өрт сөндіру құралдарымен жабдықтау қажеттігі ескертілді.

Рейд барысында 2 әкімшілік құқық бұзушылық анықталып, ӘҚБтК-нің 589-бабы бойынша хаттамалар толтырылды.

Төтенше жағдайлар бөлімі тұрғындарды отпен абай болып, өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтауға шақырады.

АУЫЛ КӨРКІ АЗАМАТЫНАН

Жарма ауданында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында елді мекендердің тазалығы мен абаттандырылуына бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Шараларға жергілікті атқарушы органдармен қатар, «Өділет» партиясының аудандық филиалы, полиция бөлімі, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы және Жастар ресурстық орталығының екілдері қатысуда.

Тұрғындарға санитариялық тазалықты сақтау, қоғамдық орындарды күтіп ұстау және абаттандыру талаптарын түсіндірілуде. Сонымен қатар кәсіпорындар мен сауда орындарында да түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Басты мақсат – елді мекендердің тазалығын қамтамасыз етіп қана қоймай, тұрғындардың экологиялық мәдениеті мен туған жерге деген жауапкершілігін арттыру.

«ST»-ақпарат

АБАЙ

ТАЗАЛЫҚ САҚТАУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

Тазалық – елді мекеннің көркі ғана емес, тұрғындардың туған жерге деген жанашырлығы мен жауапкершілігінің көрінісі. Ауласы мен көшесі таза, қоғамдық орындары ұқыпты ұсталған ауылдың ажары да ашық.

Бек БОЛАТ,
«Semei tauy»

Абай ауданының орталығы Қарауыл ауылында «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында кезекті сенбілік өтті. Игі шараға мекемелер мен аудандық бөлімдердің қызметкерлері қатысып, ауыл аумағын тазартуға өз үлестерін қосты.

Сенбілік барысында көшелер мен қоғамдық аумақтардың тазалығына көңіл бөлініп, жиналған тұрмыстық қалдықтар шығарылды.

Аудан әкімі Мейіржан Серікбосынұлы полиция бөлімі қызметкерлерімен бірге Әйгерім және Сүндетбай көшелерінде болып, жүргізіліп жатқан тазалық жұмыстарының барысын бақылап қайтты. Ауыл тұрғындарымен тілдесіп, көшелердің тазалығы мен көркейтілуіне қатысты пікірлерін тыңдады.

Кездесу барысында туған ауылдың тазалығын сақтау баршаға ортақ міндет екені тағы бір



ЖҮЙРІКТЕН ЖҮЙРІК ОЗАР...

Ұлттық спорт – халқымыздың салт-дәстүрі мен мәдениетін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін рухани құндылықтардың бірі. Соның ішінде ат спортының орны ерекше. Қазақ үшін жылқы – еркіндік пен елдіктің, жүйріктің пен намыстың символы. Бүгінде Абай ауданында атадан балаға жалғасқан осы дәстүрді жаңғыртып, ұлттық ат спортының кеңінен насихатталуына мүмкіндік беретін түрлі жарыстар ұйымдастырылып келеді. Осы бағыттағы игі бастамалардың бірі – ауданда екінші жыл қатарынан өткізіліп отырған «Алтын тай – 2026» ат спорты жарысы.

Анар АХМЕТҚАЛИҚЫЗЫ,
«Semei tauy»

Жарыста ауданның ауылдық округтерінен келген шабандоздар бас қосып, өз жүйріктерін бәйгеге қосты. Бәйгенің ашылу салтанатында сөз алған аудан әкімі Мейіржан Смағұлов ұлттық спортты дамыту мен кейінгі буынға дәріптеудің маңыздылығына тоқталып, жарысқа қатысушыларға сәттілік пен жеңіс тіледі.

Жүйріктердің шабысы мен шабандоздардың шеберлігі сыналған тарысты бөсекені жиналған көпшілік ерекше қызығушылықпен тамашалады. Әуелі тай жарыс, содан соң құнан жарыс, кейін аламан бәйге өтті.

Тай жарысында Көкбай ауылының шабандозы Ерзат Төлеген Падиша атты жүйрігімен дараланып, мәреге бірінші болып жетті. Құнан бәйгеде Сарқал ауылының өкілі Аяулым Дастанқызы Наркенже атты сәйгүлігімен топ жарды. Ал аламан бәйгеде Көкбай ауылының шабандозы Қуаныш Елхан Айжұлдыз атты жүйрігімен қарсыластарынан озып, жеңіс тұғырына көтерілді.

АЯГӨЗ

Быылғы жаңа оқу жылын Аягөз қаласындағы К.Бозтаев атындағы мектеп ұстаздары мен оқушылары зор қуанышпен қарсы алды. Аталған білім ошағында осы мектептің түлегі, Аягөз өңірінің өркендеуіне өзіндік үлесін қосқан, туған өлкесінің жанашыр перзенті Рысбек Медельханұлы Дюсеевтің есімі берілген биология кабинетінің ашылу салтанаты өтті.

БИОЛОГИЯ КАБИНЕТІ АШЫЛДЫ

Айтулы шараға аудан әкімі Айбек Нұғымаров келіп қатысып, мектеп ұстаздарын, оқушыларды, ата-аналарды құттықтап ізгі тілегін білдірді.

- Мұндай заман талабына сай жабдықтал-

ған жаңа кабинетте мектеп оқушылары өздерін қызықтырған пәнді ықыласпен оқитыны анық. Перзенттерінің демеушілігімен осы кабинетке есімі берілген Рысбек Медельханұлының туған жерін



БЕСҚАРАҒАЙ

ҚЫС МЕЗГІЛІНЕ ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Бесқарағай ауданында қысқы кезеңге дайындық жұмыстары жоспарлы түрде жүргізілуде. Аудан әкімдігінің кезекті отырысында қысқы мал азығын дайындау, күзгі егін жинау науқанына әзірлік және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын қыс мезгілінде күтіп ұстау мәселесі қаралды.

Жиында аудан әкімінің орынбасары Сұңғат Назаров аудан аумағындағы жолдардың қысқы кезеңге дайындығы туралы баяндады. Сұңғат Назаровтың айтуынша, ауданның жол желісінің жалпы ұзындығы - 644,8 шақырым. Оның ішінде 146 шақырымы – республикалық, 245 шақырымы – облыстық, 253,8 шақырымы - аудандық маңызы бар жолдар. Ал елді мекендердің ішкі жолдарының ұзындығы - 234,9 шақырым.

- Республикалық маңызы бар Омбы – Майқапшағай автожолының аудан аумағы арқылы өтетін 146 шақырым бөлігі «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Шығыс Қазақстан облыстық филиалының қарамағында. Аталған учаскеге ДЭУ-26 мекемесі қызмет көрсетеді. Қазіргі уақытта жол төсемі бейіндеу және жол жиектерін жабайы өсімдіктерден тазарту жұмыстары аяқталған.

Ал Семей – Долон – Бесқарағай – Ерناзар – Қоянбай облыстық маңызы бар автомобиль жолының 192 шақырымдық бөлігіне «Семей жолдары» ЖШС қызмет көрсетеді. Бұл учаскеде де жол жиектерін шөптерден тазарту жұмыстары аяқталған.

Аудандық маңызы бар 253,8 шақырым жолды қысқы кезеңде күтіп ұстау жұмыстарын «Милена» ЖК атқарады. Мердігер ұйымның Бесқарағай ауылында өндірістік базасы бар. Қысқы жұмыстарға 11 арнайы техника дайындалған. Қазіргі



уақытта алдағы қысқы кезеңге дайындық штаттық кестеге сәйкес жүргізілуде, – деді С.Назаров. Елді мекендердің ішкі жолдарын қысқы күтіп ұстау жұмыстары да алдын ала пысықталған. Ауылдық округтер бойынша жауапты мердігерлер белгіленіп, қажетті техника мен қаржы көлемі нақтыланған. Мәселен, Бесқарағай ауылында қысқы жолдарды күтіп ұстауға 7,5 миллион теңге бөлу жоспарланған. Қаңтар – наурыз айларында 6,1 миллион теңге игерілген. Қалған 1,4 миллион теңге қаражатты қараша–желтоқсан айларында

мәрте айтылды. Өйткені елді мекендердің көркеюі тек сенбілік кезінде атқарылатын жұмыстарға емес, тұрғындардың күнделікті тазалыққа деген көзқарасына да байланысты. Әр тұрғын өз ауласы мен айналасын таза ұстап, қоғамдық орындарға ұқыпты қараса, ауылдың жалпы келбеті де жақсара түседі.

Полиция бөлімі қызметкерлері тұрғындарға тұрмыстық қалдықтарды белгіленбеген орындарға тастамай, арнайы қоқыс орындарына шығару қажеттігін түсіндірді. Бұл – қоршаған ортаның тазалығын сақтаудың қарапайым әрі маңызды талаптарының бірі.

«Таза Қазақстан» акциясы аясындағы мұндай іс-шаралар тұрғындарды туған жердің тазалығы мен көркеюіне белсенді атсалысуға үндейді. Қоршаған ортаны қорғау, тазалықты сақтау және елді мекендерді абаттандыруға атсалысу – баршаға ортақ міндет. Ауылдардың таза әрі көрікті болуы ортақ іске әркімнің жауапкершілікпен қарауына байланысты. Сондықтан тазалықты сақтау бір күндік науқан емес, күнделікті дағдыға айналуы тиіс.

Мұндай шаралар, елді мекеннің санитарлық жағдайын жақсартумен қатар, тұрғындардың қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттыруға ықпал етуде.



«Алтын тай – 2026» ұлттық ат спорты жарысының өтуі ауыл тұрғындары үшін ерекше мәнге ие. Мұндай бәсекелер жас шабандоздардың спортқа қызығушылығын арттырып қана қоймай, жүйрік баптау, атқа міну мәдениеті секілді халқымыздың дәстүрлі өнерінің сақталуына ықпал етеді.

Жарыс қорытындысында шабандоздар мен жүйрік баптаған азаматтардың еңбегі лайықты бағаланып, жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы медальдармен, дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Екінші жыл қатарынан ұйымдастырылып отырған «Алтын тай» жарысының ұлттық спортты насихаттаудағы маңызы зор. Дәстүрлі ат спортына қызығушылық танытып, оның дамуына үлес қосып жүрген азаматтардың еңбегі осындай жарыстар арқылы көрініс табады. Ұлттық мұраны ұлықтайтын мұндай шаралардың жалғасын табуы – жас ұрпақтың ата дәстүрге деген құрметін арттыруға ықпал етері анық.

түлетіп, халықтың шынайы жанашыры болғаны баршамызға белгілі. Шын мәніндегі туған жерінің жанашыры болған азаматтың атқарған ісі осы мектептің барлық оқушыларына үлгі болып қалары анық. Жаңа оқу жылы құтты болсын!-деді аудан басшысы А. Серікболұлы. Отбасында жеті перзент тәрбиелеп өсірген Рысбек Дюсеев үш мәрте облыстық мәслихаттың депутаты болып сайланған, Аягөз ауданының құрметті азаматы.

Салтанатты шарада сөз алған ел азаматтары оның жарқын бейнесі мен артына қалдырған өнегелі істері жас ұрпаққа әрдайым өнеге болып қала беретіндігін атап өтті. Өке есімін ұлықтап, игі іске демеушілік жасап отырған азамат – Рысбек Медельханұлының қызы, Аягөз аудандық мәслихатының депутаты Айгүл Рысбекқызы екенін де айта кеткен жөн.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Әсем Құлтаеваның айтуынша, заманауи талапқа сай жабдықталған жаңа биология кабинеті оқушылардың табиғатты тануына, ғылыми ізденісіне, тәжірибе жасап, биология әлемінің сырын терең меңгеруіне жаңа мүмкіндік береді. Яғни, болашақ биологтар мен ғалымдарға қанат бітіретін игі бастамалардың қайнар көзі болмақ.

Осы іс-шара барысында мектептің 3 «А» сынып оқушылары өнер көрсетіп, көпшілікке өз өнерлерін паш етті.

Өз тілшіміз

пайдалану жоспарланып отыр. Ауылда екі тиегіш, екі МТЗ-82 тракторы және бір автогрейдер жұмысқа дайын тұр.

Канонерка ауылдық округінде қысқы күтіп ұстауға 3,2 миллион теңге қарастырылған. Мұнда үш тиегіш пен бір МТЗ-82 техникасы бар. Долон ауылында «Салан-құрылыс» ЖШС-мен 3 миллион теңгеге шарт жасалып, қысқы жұмыстарға қажетті техника әзірленген. Қарабас, Малая-Владимировка, Глуховка және Беген ауылдарында да қысқы жолдарды күтіп ұстауға жауапты мердігерлермен шарттар жасалып, техника дайындалуда. Жетіжар ауылында жаңа үйінді күрегіп сатып алуға 1,5 миллион теңгеге бюджеттік өтінім берілген. Ерназар ауылында жеке техника бар, алайда жанар-жағармайға қажеттілік бар.

С.Назаровтың айтуынша, жолдарды қысқы кезеңде күтіп ұстауда басты міндет – қар тазалау жұмыстарын уақтылы жүргізіп, елді мекендер арасындағы қатынастың үздіксіздігін қамтамасыз ету.

– Республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын күтіп ұстау мәселесі тұрақты бақылауда. Жолдарды қысқы кезеңге дайындау және арнайы техниканы әзірлеу жұмыстары белгіленген талаптарға сәйкес жүргізілуде, – деді аудан әкімінің орынбасары.

Алдағы қысқы кезеңде жолдардың уақтылы тазартылуы, көктайғаққа қарсы материалдардың жеткілікті болуы және арнайы техниканың ақаусыз жұмыс істеуі басты назарда болмақ.

Е.РАХМЕТУЛИН

АҚСУАТ

ЕКІ ӨҢІРДІҢ ӨНЕРПАЗДАРЫ БАС ҚОСТЫ

Ақсуат пен Ақжар кезінде бір аудан құрамында болды. Сол кезеңде қос өңірдің еңбекшіл халқы ел мен жердің дамуына бірге атсалысып, береке-бірліктің үлгісін көрсетті.

Халық шаруашылығының түрлі салаларымен қатар, мәдениет пен өнердің де өркендеуіне бірлесе үлес қосты. Бұл дәстүр аудандар екіге бөлінгеннен кейін де үзілген жоқ. Әсіресе екі өңір өнерпаздарының шығармашылық байланысы жыл өткен сайын нығая түсті.

Жуырда Ақсуат халық театрының өнерпаздары Ақжар өңіріне барып, Жаңаауыл мәдениет үйінде өткен Сілемхан Чериязданов атындағы Жаңаауыл халық театрының 40 жылдық мерейтойына қатысты. «Ғасырмен үндескен театр» атты аймақтық халық театрлары фестиваліне әр өңірден театр ұжымдары, сахна санлақтары, өнер ардагерлері мен театрдың қалыптасуына үлес қосқан азаматтар жиналды.

Мерейтойлық шараның ашылу салтанатына Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімінің орынбасары Е.Сабырбаев қатысып, аудан әкімі Д. Жөргекбаевтың құттықтау хатын оқып берді.

Фестиваль барысында Сілемхан Черияздановтың өмірі мен шығармашылық жолы, театр өнеріне деген сүйіспеншілігі және ауыл мәдениетін дамытуға сіңірген еңбегі кеңінен сөз болды. Өнер майталманының есімін



ұлықтаған тағылымды шарада оның ұрпақтары мәдениет үйіне театр тарихына қатысты құнды жәдігерлерді табыстады.

Сілемхан Черияздановтың өмірлік серігі, ұлағатты ұстаз Әлиман алай жылдар бойы ұқыптылықпен сақтап келген театр ұжымының шығармашылығына қатысты мақалалар, марапаттар мен спектакльдерден түсірілген елуге жуық фотосурет және сахна өнеріне қатысты өзге де құнды дүниелер арнайы әзірленген көрмеге қойылып, көпшілік назарына ұсынылды.

Фестиваль аясында өнер ұжымдары өзара бақ сынасып, көрер-

менге мазмұнды қойылымдар ұсынды. Қазылар алқасының шешімімен бас жүлде Сілемхан Чериязданов атындағы Жаңаауыл халық театрына берілді. Театр ұжымына 300 мың теңге көлеміндегі сыйақыны Черияздановтар әулетінің атынан Қарақат Сіләмханқызы табыстады.

Бірінші орын мен 250 мың теңгелік жүлдені Ақсуат халық театры иеленді. Екінші орын және 200 мың теңгелік сыйақы Ақжар халық театрына бұйырды. Ал Самар ауданынан келген «Өрлеу» театры үшінші орынға ие болып, 150 мың теңге көлеміндегі сыйақыға ие болды. Сондай-ақ сахнада-

Ақсуат ауданында шығыстың рухани шамшырағы атанған, емшілік өнерімен елге танылған Ырғызбай Досқанаұлының рухына арналып ас берілді. Жыл сайын тамыз айында ұйымдастырылатын тағылымды шараның мазмұны кеңейіп келеді. Ас алдында ғылыми конференция өтіп, ескерткіш тақта ашылды.

1787 жылы дүниеге келген Ырғызбай Досқанаұлы Орта жүзге танылм халық емшісі болған. Ол шөп-тесін есімдіктерден дәрі-дәрмек дайындап, сырқат жандарға ем жасап, тұрмысы төмен отбасыларға қолынан келген көмегін көрсеткен. Елге шапағатын тигізген емші туралы тарихи деректер мен ел аузындағы өңгімелер оның есімін ұрпақ жадында сақтап келеді.

Арада екі ғасырдан астам уақыт өтсе де, Ырғызбай бабаның есімі ел арасында ұмытылған жоқ. Өулиенің өмірі мен рухани мұрасын зерделеу, кейінгі ұрпаққа насихаттау бағытындағы шаралар жалғасын тауып келеді.

Биылғы шара Ырғызбай Досқанаұлының рухани мұрасына арналған халықаралық ғылыми конференциядан басталды. «Қазақ халқына ортақ тұлға, ел тұтқасы Ырғызбай Досқанаұлының (1787–1850) рухани мұрасы» тақырыбындағы жиынға, Абай облысымен қатар, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарынан қонақтар қатысты.

Конференция алдында Ырғызбай баба кесенесі мен қонақ үйін салдырған Бәделхан Камалханұлы Сабуоровтың құрметіне ескерткіш тақта ашылды.

Бәделхан Сабуоров баба күмбезді мен қонақ үйінің құрылысы толық аяқталғанша басы-қасында болған. Еңбегін бұлдамай, дайын кешенді мемлекет қарамағына өткізген азаматтың елге сіңірген еңбегі де аз емес. Ол 2013–2023 жылдар аралығында Ақсуат жерінде қазақ құрсыннен халықаралық Гран-при жарысын ұйымдастыруға ұйытқы болып, ұлттық спорт-

ӘУЛИЕ БАБА РУХЫНА ТАҒЗЫМ



тың дамуына үлес қосты. Сонымен қатар қазанат бәйгесін ұйымдастырып, қазақ жылқысын әлемдік Гиннестің рекордтар кітабына енгізуге атсалысты.

Ескерткіш тақтаны аудан әкімінің орынбасары Тілек Мәселов құттықтау сөзбен ашты. Көпекті өңірінен келген ақсақал Рым Кибеханов пен Ырғызбай қорының төрағасы Қайырбек Шыныбаев ескерткіштің лентасын қиған соң Бәделхан Камалханұлы ортаға шақырылып, сый-сияпат жасалды.

Ғылыми-тәжірибелік конференцияда Ырғызбай бабаның өмірі мен мұрасы, ел тарихындағы орны, рухани құндылықтарды дәріптеу және ұлттық салт-дәстүрді ұлықтау мәселелері сөз болды. Жиынға облыстық ішкі саясат бөлімінің басшысы Жарқын Жұмаділов, Шығыс Қазақстан облысының бас имамы Думан Сайфуллин, ШҚО дін істері басқармасының басшысы Ерболат Ошақбаев, Тарбағатай ауданының әкімі Дархан Жөргекбаев, Ақсуат ауданының әкімі Еркін Ескендіров, өлкетанушы, жазушы Жамбыл Жұманбай, Жазушылар одағы Павлодар облысы филиалының төрағасы Болат Аманбаев, профессор, халықаралық Алаш сыйлығының иегері Серік Төлеубаев және өзге де зиялы қауым өкілдері қатысты.

Конференция барысында облыс әкімі Берік Уәлидің құттықтау хаты оқылып, арнайы жіберген 16

кітабы «Дала даналары» кітапханасына табысталды.

Ырғызбай бабаның рухани мұрасын ғылыми тұрғыдан зерделеу, кеңінен насихаттау мақсатында конференцияда айтылған келелі ойлар мен зерттеулердің нәтижесін жинақтап, кітап етіп шығару жоспарланып отыр.

Конференциядан кейін ас берілді. Айта кетерлігі, асты бұған дейін Ырғызбай бабаның ұрпақтары ұйымдастырып келген болатын. Алайда елдің әр түркілерін жиналатын жұртшылықты бір күнге топтастыру мақсатында ақсақалдармен кеңесе отырып, жыл сайын 20 тамызда ас беру туралы шешім қабылданған. Сондықтан бұл жиын тарихи жадыны жаңғыртып, елді бірлікке ұйыстыратын тағылымды шараға айналды.

Ырғызбай баба кесенесінің негізі 1956 жылы қаланған. Бүгінде мұнда мешіт, кітапхана, музей және қонақтарға арналған нысандарды қамтитын тұтас рухани-тарихи кешен қалыптасқан. Кешенге келушілердің қарасы үзілмейді.

Ас барысында қонақтарға Ырғызбай қоры атынан шапан жабылып, сый-сияпат көрсетілді. Сонымен қатар Қызылжесік, Кіндікті, Сәтбаев және Жәңгіейі ауылдарындағы мектептердің жиырма оқушысына оқу құралдары мен қажетті заттар табысталды.

Ырғызбай бабаны еске алуға арналған іс-шара ширек ғасырдан астам уақыт өткізіліп келеді. Бұған дейін он жыл бойы қазақ құрсыннен халықаралық турнир ұйымдастырылса, соңғы екі жылдан бері ғылыми-тәжірибелік конференция өткізу дәстүрі қалыптасты.

2027 жылы Ырғызбай Досқанаұлының туғанына 240 жыл толады. Бұл айтулы тарихи тұлғаның рухани мұрасын кеңінен дәріптеп, тағылымын кейінгі ұрпаққа жеткізудің тағы бір мүмкіндігі болмақ.

Ж.ЖҰМАНБАЙ

ЖАРМА

ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ – БАРШАҒА МІНДЕТ

Тіл – ұлттың рухани тұтастығын айқындайтын басты құндылықтардың бірі. Мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдің барлық саласында кеңінен қолданылуы – елдің тілдік ортасын қалыптастырудың маңызды шарты. Бұл ретте мемлекеттік тілдегі сауатты әрі талапқа сай көрнекі ақпараттың да өзіндік орны бар.

Анар АХМЕТҚАЛИЕВА,

«Semei.tany»

Осы ретте Абай облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының ұйымдастыруымен «Көркем тіл – көрікті өңір» айлығы өтті. Іс-шараның негізгі мақсаты – көрнекі ақпарат пен жарнама мәтіндеріндегі қателерді анықтап, Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасы талаптарына сәйкестендіру және жарнама тілін біріздендіру, тұрғындар арасында тіл мәдениетін қалыптастыру, жалпы алғанда, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту.

Айлық аясында Жарма ауданында бірқатар нысандардың көрнекі ақпараттарына мониторинг жүргізілді.

Іс-шара барысында аудан бойынша 28 нысан

қамтылып, дәріханалар, кәсіпкерлік және халыққа қызмет көрсету нысандарындағы көрнекі ақпараттар тексерілді. Зерделеу кезінде анықталған кемшіліктер бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде А4 форматындағы көрнекі ақпараттарға қатысты анықталған 9 кемшілік түзетілді.

Мемлекеттік тіл талаптарының сақталуы темір жол нысандарында да назардан тыс қалған жоқ. Шалабай, Шар және Жарма кенттеріндегі темір жол нысандарына мониторинг жүргізіліп, тіл талаптарына сәйкес келмейтін ескерту тақтайшалары анықталды. Осыған байланысты тиісті түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, талапқа сай келмейтін тақтайшаларды алып тастау және олардың орнына мемлекеттік тіл талаптарына сәйкес қайта тапсырыс беру бойынша жұмыстар қолға алынды.

ЖАҢАСЕМЕЙ

ЖАҢАРУҒА БЕТ АЛҒАН КЕНТ

Жаңасемей ауданында елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық жағдайын зерделеу мақсатында көшпелі кеңес өтті. Аудан әкімі бастаған жұмыс тобы Шаған кентін аралап, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым нысандарының жай-күйімен танысып, алдағы міндеттерді айқындады. Кеңеске ауылдық округтер мен кент әкімдері қатысып, Шағандағы атқарылып жатқан жұмыстар мен шешімін күткен мәселелерді талқылады.

Бүгінде Шаған кентінде 569 адам тұрады. 129 ауласы бар елді мекеннің жалпы аумағы 3 547 гектардан асады. Тарихы темір жолмен тығыз байланысты кенттің экономикалық өмірінде бұл сала әлі де маңызды орын алады. Кенттің болашағы сонымен қатар әлеуметтік нысандардың жағдайына, инфрақұрылымның жаңаруына және жаңа жұмыс орындарының ашылуына тікелей байланысты.

Көшпелі кеңес барысында аудан әкімі №24 жалпы білім беретін мектептің жағдайына назар аударды. 1970 жылы салынған ғимаратта бүгінде 60-қа жуық бала білім алады. Алайда мектептің мүмкіндігі қазіргі талапқа толық сай емес. Оқу кабинеттерінің жалпы ауданы небәрі 125 шаршы метр, спорт залының көлемі - 41 шаршы метр. Асхана, акт залы мен шағын орталық жоқ, қосымша білім беру-ге арналған бөлмелер де жеткіліксіз. Осы жағдайларға байланысты жаңа мектеп салу күн тәртібінде тұрған негізгі мәселелердің бірі. Құрылысқа арналған жер учаскесі анықталып, аумаққа орталықтандырылған су желісі тартылған. Елдің ала эскиздік жоба әзірленді. Алдағы кезең – жобалау-сметалық құжаттаманы дайындау.

Кент тұрғындарының шамамен 40 пайызын балалар мен жастар құрайды. Мұнда 14 жасқа дейінгі 100 бала және 14-35 жас аралығындағы 128 жас бар. Сондықтан олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, спортпен айналысуына жағдай жасау да маңыз-



ды. Қазір кентте екі спорт алаңы бар. Дегенмен жаңа балалар ойын алаңы мен қыс мезгілінде пайдалануға болатын жабық спорт нысанына қажеттілік бар.

Шаған кентіндегі маңызды өзгерістердің бірі – орталықтандырылған су желісінің іске қосылуы. Құрылыс жұмыстары аяқталып, қазір қабылдау-тапсыру рәсімдері жүргізілуде. Бүгінде 75 абонент орталықтандырылған суға қосылған. Бұл жоба тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартып қана қоймай, алдағы уақытта әлеуметтік нысандар мен жаңа аумақтарды дамытуға мүмкіндік береді.

Кенттегі медициналық пунктте фельдшер мен санитар жұмыс істейді, ал дәрігер-терапевт аптасына бір рет қабылдау жүргізеді. Нысанның инженерлік инфрақұрылымын жақсартуға арналған жобалау-сметалық

құжаттама әзірленген.

Жол мәселесі де өзекті. Кентте 11 көше бар, олардың жалпы ұзындығы 4,5 шақырымды құрайды. Тоғыз көшенің 2,7 шақырымына қиыршық тас төселген. Биыл 1,2 шақырым жолға қиыршық тас төселіп, шамамен 1 500 текше метр материал пайдаланылды. Дегенмен тағы 1,8 шақырым жол жөндеуді қажет етеді.

Абаттандыру жұмыстары да жүйелі жүргізілуде. Биыл кент аумағына 400-ге жуық ағаш отырғызылды. «Таза Қазақстан» акциясы аясында сенбіліктер ұйымдастырылып, көшелер мен қоғамдық орындар тазартылуда. Орталық саябақ пен балалар алаңдары күтіп ұсталып, көнтке кіреберісте «Таза Қазақстан» аллеясын құру жұмысы басталды.

Кентке сәуір айында берілген жаңа трактор да коммуналдық жұмыстар-

ғы шеберлігімен, жаңашылдығымен ерекшеленген актерлерге, сахна сыртындағы мамандарға да құрмет көрсетіліп, 16 адамға ақшалай сыйлықтар табысталды.

Қырық жыл, бір қарағанда, ұзақ уақыт болғанымен, өнер үшін бұл талай буынның шығармашылық ізденісі мен еңбегін қамтитын тұтас бір дәуір. Осы жылдар ішінде Жаңаауыл халық театрының сахнасынан талай талант түлеп ұшты. Ұжым ауылдың мәдени өмірін жандандырып қана қоймай, ұлттық құндылықтарды дәріптеп, көрерменге ой салар, жүрекке әсер етер қойылымдарымен өзіндік өнер мектебін қалыптастырды.

Слямхан Чериязданов атындағы театрдың 40 жылдық мерейтойы – бір ғана шығармашылық ұжымның белесі емес. Бұл – ауыл өнерінің дамуына үлес қосқан барша бұынға көрсетілген құрмет, өткенге тағзым әрі келешекке аманат.

Мерекелік шараның жоғары деңгейде өтуіне атсалысқан Ақжар мәдениет үйінің директоры Шәкен Мәлікқызына, театр ардагерлері мен мәдениет қызметкерлеріне, демеушілік көрсеткен халық қалаулысы Б.Нүрпейісовке, ауылдық округ әкімі С.Сахиолдинаға, Сіләмхан ағаның сыныптастары мен ұрпақтарына алғыс білдіреміз.

Театрдың қырық жылдық мерейтойы өткен мен бүгінді жалғап, аға буын мен жас ұрпақты табыстырған, ауыл өнерінің өміршеңдігін паш еткен мазмұнды мәдени шара ретінде есте қалды.

Күлпаи АҚПАҢҚЫЗЫ



БОРОДУЛИХА

СПАРТАКИАДА ӨТТІ

Бородулиха арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының ұйымдастыруымен әлеуметтік қызмет көрсету саласы қызметкерлері арасында облыстық жазғы спартакиада өтті.

Жарысқа облыстың қала, аудандарынан жеті команда қатысып, спортшылар дойбы, тоғызқуала, футбол, қол күресі және гир көтеруден бақ сынады. Қатысушылар күш-жігері мен шеберлігін көрсетіп, командалық рухты таныта білді.

Жарыс қорытындысында I орынды Аягөз балалар орталығының «Қайрат» командасы иеленді. II орын Ұржар балалар орталығының «Шапағат» командасына бұйырса, III орынды Семей арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының «Қыран» командасы алды.

Спартакиада қатысушыларға спорттық бәсекемен қатар көтеріңкі көңіл-күй, жақсы әсер және достық қарым-қатынас сыйлады.

ЖАҢАСЕМЕЙ

ТАЗАЛЫҚ – АУЫЛ АЖАРЫ

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында сәуір айынан бері аудан аумағында 18 сенбілік өткізіліп, оған 11 112 тұрғын қатысты. Нәтижесінде 2 338 аула мен 95 көше тазартылып, 21 тарихи-мәдени ескерткіштің және 31 саябақтың аумағы ретке келтірілді. Сондай-ақ 52 әлеуметтік нысанның аумағында тазалық жұмыстары жүргізілді.

Іске 190 кәсіпорын мен ұйым, 130 арнайы техника жұмылдырылып, 760,8 тонна қатты тұрмыстық қалдық шығарылды. Елді мекендерді көгалдандыру мақсатында 2 515 ағаш пен бұта отырғызылды.

Абаттандыру талаптарының сақталуына да бақылау жүргізілуде. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 505-бабы бойынша 490 әкімшілік хаттама түзгізірілып, 24 хаттама негізінде 1 362 375 теңге айыппұл салынды. Оның 358 975 теңгесі өндірілді.

КӨКПЕКТІ

СЕНБІЛІК – ИГІ ДӘСТҮР

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында Көкпекті ауданында кезекті сенбілік өтті. Шара барысында елді мекендердегі көшелер мен қоғамдық орындар тазартылып, абаттандыру және санитариялық тазалық жұмыстары жүргізілді.

Аудан әкімі Нұрбек Қошқарбаев аудан кәсіпорындары мен кәсіпкерлерін, ұйымдар мен мекемелердің ұжымдарын және барша аудан тұрғындарын тазалық жұмыстарына белсенді атсалысуға шақырды.

Тазалық – бір күндік науқан емес, туған жерге деген жанашырлықтың көрінісі. Ауданның таза әрі көрікті болуы – әр тұрғынның ортақ жауапкершілігі.

ҰРЖАР

568 ОҚУШЫ МЕКТЕП

ТАБАЛДЫРЫШЫН АТТАДЫ

Ұржар ауданындағы мектептерде жаңа оқу жылы басталып, білім ордалары 6290 оқушыны қарсы алды. Биыл 568 бұлдіршіні алғаш рет мектеп табалдырығын аттап, білім әлеміне қадам басты.

Оқу жылының басталуына арналған салтанатты шараға аудан әкімі Ақылбек Башимбаев қатысып, ұстаздар қауымын, ата-аналар мен оқушыларды құттықтады. Ол жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие берудің маңызын атап өтіп, мұғалімдерге жауапты еңбектеріне табыс тіледі.

Өткен оқу жылында ауданның 33 мектебінде 6484 оқушы білім алып, 444 түлек мектеп бітірді. Олардың 35-і «Алтын белгі» иегері атанса, 25 оқушы үздік аттестатқа ие болды. Аудан бойынша ҰБТ-ның орташа көрсеткіші 84 балды құрады.

ҚҰҚЫҚТЫҚ

САУАТТЫЛЫҚТЫ

АРТТЫРУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

дың сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Ендігі міндет – оған қажетті аспалы жабдықтарды сатып алу.

Шағанның экономикалық әлеуетін арттыруға бағытталған ірі жобалардың бірі – ЕМА Ltd инвестициялық жобасы. Кент аумағында селекциялық-гибридтік орталық пен құрама жем зауытын қамтитын агроөнеркәсіптік кешен құру жоспарланған. Жобаға шамамен 180 гектар жер бөлініп, 250-ге жуық тұрақты жұмыс орнын ашу көзделіп отыр. Бұл жоба кент тұрғындары, әсіресе жастар үшін жаңа мүмкіндік беріп, жергілікті экономиканың дамуына серпін бермек.

Бүгінде Шаған кенті үшін ең маңыздысы – бар мүмкіндікті тиімді пайдаланып, қордаланған мәселелерді кезең-кезеңімен шешу. Жаңа мектеп, сапалы жол, спорт нысандары, абаттандырылған орта және жаңа өндіріс – кенттің алдағы даму бағытын айқындайтын негізгі басымдықтар.

Сонымен қатар Шағанның мәртебесіне қатысты мәселе де назарда. 2026 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енген жаңа заңға сәйкес кент елді мекенінің дербес түрі ретінде сақталады. Осыған байланысты тарихи қалыптасқан кент мәртебесін сақтай отырып, ауылдық аумақтарға арналған мемлекеттік қолдау шараларын пайдалану мүмкіндігі қарастырылуда.

Көшпелі кеңес қорытындысы көрсеткендей, Шаған кентінде әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту бағытында нақты жұмыстар аяқталып, жолдарды жөндеу, абаттандыру, қауіпсіздік, балалар мен жастарға жағдай жасау бағыттарында жұмыстар жалғасуда. Сонымен бірге алда жаңа мектеп салу, спорт және балалар инфрақұрылымын дамыту, жол желісін кезең-кезеңімен жөндеу, инвестициялық жобаны іске асыру сияқты маңызды міндеттер тұр.

Еркеназ АЙТҚОЖА

«СТ»-ақпарат

ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВТІҢ ТУҒАНЫНА 90 ЖЫЛ

Қаймағы бұзылмаған қазақтың салт-дәстүр сақталған ортада өскен, көкейін көк жүзінде еркін самғаған қырандай асқақ мұрат, асыл арман тескен Қабдештің тап осындай тарлан талант иесі болып өсуіне оның өмір сүрген ортасы әсер етті десек, артық айтпаймыз. Өйткені ол өскен орта көсемдіктің, шешендіктің бағын асырып, бәсекесін арыттырған орта болатын. Ол өмірге келген әулет елге қызмет еткен ерекше тағылымды әулет болды. Арғы ата-бабалары әйгілі Бұқа батырдан бастап Бәйімбет, Баймұрат батырлар тарихтың қойнауына кеткен сонау бір ел басынан өткен алмағайып, қиын-қыстау күндерде елін, жерін жолбарыстай жортқан жоңғар басқыншыларынан қорғаған қайтпас-қайсар батырлар болғандығы жұртқа мәлім. Одан бергі аталары – Смайыл зәңгі мен Күдері билер де елдің сөзін ұстаған, жоғын жоқтап, мұңына құлақ асқан, жоқ-жітікке қол ұшын берген, демеу болған марқасқалар. Өз әкесі Жұмаділ де жай бір қатардағы қара жаяу қазақ емес, бабаларынан үлгі, өнеге алған, өділеттің жолын ұстанған ақ сүйек қараөкпті тұқымы. Осылардың қай-қайсысы да қара сөзге уста шешендігімен дараланған жандар.

Жастарынан жан сарайы ашық, көкірек көзі ояу Қабдеш ағамыз осындай өмір мектебін өткені елге мәлім. Иә, табиғатынан құйма құлақ, зейінді бала естігенін, көрген-білгенін көңіліне түсіп есті. Адамның жас күйінде естігені, көргені мен білгені, көңілге тоқып-түйгені төт баспас асылдай кейін келе өзіне қызмет етеді екен. Қабдеш ағаның да қара сөзге келгенде ешкімге дес бермейтін ғажайып қасиеті сол бала, боз-бала күнінен өскен ортаның ықпалы арқылы орнығып, қалыптасқан қасиет пе дейсің. Қабаңмен сапарлас болып бірге жүрген кездегі тағы бір байқағаным - ол кісінің еске сақтау қабілетінің ерекше екендігі. Иә, Қабаң көзбен көріп, құлақпен естігенін ешқашан ұмытпайтын адам екен. Кейбір жазармандар секілді көрген-білгенін қойын дәптерінде қондырып, диктофонға жазып алмаса да, сол қалпында санасына сақтай алатындығына куәгер болғаным бар. Бұл енді былайғы адамдарда көп кездесе бермейтін, таң қалдырмай қоймайтын табиғат сыйы дер едім.

Өз басым жаратылысы бөлек жайсаң жанның есімін ертерек естігенім. Ол кезде біздің үй Тарбағатайдың күнгейіндегі Еміл өзенінің бойында отыратын. Бір күні Анар әкем Тыныбай үкірдайдың ауылына қонаққа баратын болды. Сол жылғы қоңыр күздің жайма-шұақ күндерінің бірінде сөскеге таман өзіміз Көк байтал атап кеткен қолдағы бар жалғыз мыңс көлігі көк биені әкем өрісте жүрген жерінен алып келіп ерттеді де, әкемді үкірдайдың ауылына қарай жолға салды. Ол ауыл біздің үйден онша алыс емес, төбесі көрініп тұратын үш-төрт шақырым жерде ғана еді. Содан тұс ауа әкем қайтып оралды. Сол бір қоңыр күздің шуақты күніндеі әкемнің жүзі жарқын, көңілі көтеріңкі көрінді. Алдынан шығып, атты ағашқа байлап, айылын босатты да, үйге кірдім. Әкем үйге кірісмен қуанышын әкешешеммен бөлісіп жатыр екен. Мен кірген соң бір сәт тына қалды. «Келер көктемде осы ел советке қарай қотарыла көшетін керінеді» деген әкемнің самбырлаған сөзін ап-анық естіп қалдым. Қастарында біраз отырып едім, ешқайсысы тіс жарып ештеңе айтпады. Өңгіменің тақырыбын мүлде басқа жаққа бұрып, өзара өлденені әңгімелесіп отырды. Демек, мен естуге тиіс емес әңгіме. Біраздан соң мен қулыққа басып, ұйқым келіп тұр деп жатып қалдым.

Мені ұйқыға кетті-ау десе керек, олардың әңгімесі бесін шайдың үстінде қайта жалғасты.

- Үкірдайдың ауылына барғандағы үлкен жанжалыңы жаңа айттым ғой. Келесі көктемде ел советке қарай қотарыла көшетін көрінеді. Мен оны өзім жақсы танытым, бұрын Шәуешекте тұрған, ана жылы совет гражданы ретінде ата жұртына көшіп кеткен Хасен деген қарияның өз аузынан естім. Оның айтуынша, бұл істі бастаушы ана бір жылдары, Совет пен Қытайдың дос кезінде, Алматыға оқуға барып, кейін ел арасы бұзылған тұста Қытай қайта шақырып алып, Үрімжіде бірнеше жыл сүргінде болған атақты Күдері бидің немересі Қабдеш деген азамат көрінеді. Сол азамат елдің қазіргі ауыр жағдайын айтып Мәскеуге дүркін-дүркін қат жазып, шекараны ашып, мұндағы халықты қабылдауды сұрапты. Совет өкіметі оның сөзінің растығына көз жеткіп, жұрттың аужайын түйіп қайта бұрын осы жақта болған өзді сияқты бірнеше жанысызды жіберіпті. Қабдеш баламыз болса қылғұрт қытайдың тарапынан қатаң бақылауда көрінеді. Сондықтан оның атын атауда абай болу керек дейді ол. Немерем қанша дегенмен бала ғой, бірде болмаса бірде байқамай айтып қоюы мүмкін, - деді әкем сақтықпен. «Бәрі түсінікті болды» дедім мен ішімнен.

Келер жылдың көктемін елмен бірге мен де асыға күттім. Сөйтіп, келер көктемде Тарбағатайдың күнгейіндегі қалың ел әкемнің айтқанындай-ақ қотарыла көшті. Кейіннен білдік ғой, көкектің 10-ы мен мамырдың 1-не дейінгі аралықта екі елдің арасындағы 5 заставадан өткен атты-арбалы, жауы-жалпылы көш күндіз-түні толассыз ағылған. Сол көштің соңын алға біздің үй де шекарадан өтті-ау. Себебі жа-рықтық менің әкем Көксеген ел дегенде еді-гедей жан-жын үзетін ерекше адам еді. Көке десе болды көлімі түсіп, қоң етін кесіп берсе ғар дамын тұратын ол ежелгі әдетімен алды-мен шекарадан ауылдастарының ішіндегі үлкен адамдары бар, жағдайы ауыр отбасыларын көшірісіп, өзіміз елдің ең соңынан қозғалған еді. Әлі есімде, біз темір торы жиналып тасталған шекарадан өткен кезде елгі тор қайта құрылып, шекара да жабылғанды. Сондағы қуанғаным мен мұңайғаным әлі күнге есімде. Қуанғаным – бала күнімнен ансаған ата мекенге табанымыз тиді. Мұайғаным – ең алғаш осы көштің қуанышын біздің шаңыраққа жеткізген аяулы әкем Анардың бізден бөлініп, жат жердің топырағын жамылып, артта қалғандығы. Шекарадан өтерден екі ай бұрын ғой деймін, өзінің көрген түсін өзі жорып: «Сендер елге аман-есен өтесіңдер, маған осы жерден топырақ бұратынын төрізді», - дегені бар еді. Көріпкелдік қасиеті бар әкемнің осы айтқаны айнымай келді.

Шекарадан өткеннен кейін біз Шыңғыстаудың күнгейіндегі Шұбартау жеріне табан тіредік. Біз келген жер ақын Абайдың «Жазды күн шілде болғанда» дейтін әйгілі өлеңі жазылған Байқошқар өлкесінің бойындағы Байқошқар ауылы еді. Қаражартас деген Байқошқар өзенінің бойындағы табиғаты тамаша бұйраттың күнгейіне түсіп, әкемнің арғы беттен көшерде тастамай алға келген ата-бабасынан келе жатқан қараша үйін тігіп отырдық. Сонда отырғанымызда осыдан бір жыл бұрын Емілдегі қонысымызда атын әкемнен естіген Хасен деген қария іздеп келді. Әкешешеммен жөн сұраса келіп, осыдан бір жыл бұрын кеңес өкіметінің астыртын тапсырмасымен арғы бетке барғанын, онда Тыныбай үкірдайдың ауылында өткен жынхыда сол елдің жұртқа сөзі өтетін беделді адамдарымен кездескенін еске алды. Әкемді сонда көріпті. Орыс елі десе анса-

ры ауып, көп жайға қаныққан әкемнің арманына жете алмай дүниеден өткенін естіп, қария әке-шешеме көңіл айтып, аруағына құран бағыштады. Содан соң: «Осы елдің көшуіне ерекше күш салған, Смайыл зәңгінің, Күдері бидің ұрпағы Жұмаділдің баласы Қабдырашиттен хабарларыңыз бар ма, бері өте алды ма?»- деп сұрады. Саясаттан хабары жоқ қарапайым шаруа адамдары ол жағын қайдан білсін. Менің әке-шешем ештеңе айта алмады. «Есіл ер қытайдың қақпанына түспей, елмен бірге өте алса жарар еді», - деді қария терең күрсініп. Мен «Смайыл зәңгінің, Күдері бидің немересі Қабдырашит деген кім?» деп ойландым.

Қабдырашиттің Қабдеш Жұмаділов еке-нін кейіннен білдік ғой. Осы бір жайсаң жанды жақсы ағамен кейінде талай мәрте дәм-дес, тұздас, сапарлас та болдым. Ол кісінің

көрінеді. Себебі төбені жапқан тақтайлар да тоналған. Сыртқы кіре беріс белмесінің қабырғасы шалқайып, құлаудың аз-ақ алдында тұр. Мәдениет үйі мен оған қатарластыра салынған спорт залдың екі ортасын қосатын, бұрын көркемөнерпаздардың киім ауыстыратын белмесі мен кітапхана болған ғимараттың қабырғасы жартысына дейін жоқ.

Олардан бергі үлкен күре жолдың бойындағы Нарын ауылдық мәдениет үйі де өртеніпті. Тарбағатай ауылындағы жаңадан салынып пайдалануға әне-міне берілгелі тұрған соң қабатты жаңа типтегі мәдениет үйі орнымен тып-типыл. Ақшиде салына бастаған мәдениет үйінде де сондай көрініс. Ондағылар тіпті кітапхананы қайда болғандығын да білмейді. Сол сияқты Б.Майлин атындағы, Ақшатау ауылдық

дік. Бұйымтайымды білген соң қарияның жүзі жайдарланып сала берді.

- Дулатты да сұрайтын, іздейтін жан баласы болады екен-ау, - деп қария ерекше қуанды. – Ешкім сұрамаса, өздігінен бірденені себепсіз айтпайсың ғой, - деді ол содан соң.

Иә, қария дұрыс айтады. Біреу арнайы сұрамаса, абыз қарттың көкірегіндегі алтын сандықтың кілті қалай ашылсын.

Сонымен, Дулаттың «Қайғылыны уаттым» деген толғауын тоқтаусыз төкпелеген ол ақын бабасының бұдан басқа да жұрт біле бермейтін жырларының бірнешеуін бірінен кейін бірін аса бір көтеріңкі көңіл күйімен айтып шықты. Содан соң сәл тыныстап: «Бабаларың бөз баағы ата қонысы «Лебайдың қызыл ағашы» деген жерде жатыр, - деді. – Оны маған осыдан он шақты

орнын көрді. Оның сыртындағы Апатай бұлағының басындағы Ақтайлақтың балалары - Әкімбай, Кеңесбай, Жараспай, Сабырбайлар, олардан туған Жарқынбай, Түгелбай, Жұмахан, Өзбақандар қойылған бейне-бір пантеон іспетті қалың қорым зираттарды аралап, аруақтарға құран бағыштады. Одан әрі екі-үш кезең астындағы Шөкер әуліенің басына да тәу етті. Зираттың іші-сырты ақтыққа толы екен. Ғабдылахмет ақсақал атасына құран оқып болған соң сол арадағы ағаш басынан жан-нарақта байланған бір жібек лентаны шешіп алып, жазушыға ұсынды:

- Жақсы ниетпен жүр екенсің. Иншалла әуліенің аруағы қолдайтын шығар. Мынаны сақтап қой, - деді құрмет білдіріп. – Расында да, Қабаң осы сапарында көптен бері көкейінде жүрген тағы бір жаңа романның сұлбасын сомдап, айқындай түсуді алдына мақсат еткен-ді. Ол ойын жазушы жасының жеткеніне, жер таяна жүргеніне қарамастан, осы сапар кезінде жанында жүрген абыз қарт Ғабдылахмет ақсақалға жасырмай айтқан. Ежелгі Аяғөз жерінің бұрынғы және кейінгі аумағын аралап шығып, оның бар болмыс, панорамасын көз алдынан өткерген күндерде сол ойына, алдына қойған мақсатына жетіп, жан дүниесі жадырай түскен.

Ол айналасына аса байыппен көз тастап жүрген осы маңнан бір кездері Семейден шығып Аяғөзге келетін күре жол өткен екен. Көптен бері көп ешкім жүрмей, қоғалана өскен қалың шөп басқан жол тағаны мен бір кездері тартылған телеграф бағаналарының тас тұяқтары сол өткен күндердің белгісіндей әлі де бөз баағы қалпында тұр. Ақтамберді мен Ақтайлақтың іздері қалған, кейін Абай мен Шоқан жүрген, Потанин мен Янушкевич секілді қазақ жерінде болған саяхатшылар басқан, Дулат пен Түбек, Өріп пен Әсет таптаған даңғыл ғой бұл. Сол жолмен жүрген жазушы бір кездері ары-бері өткен жолаушыларға ат дайындап тұратын Арқат пен Еңірекей бекеттерінің орнында да болды. Олардан өткен күндердің ізін көргендей көп нәрсені көкейіне түйді.

Келесі күні жазушы Аяғөз жеріндегі Биесимас пен Қайрақты, Қызылтас жайлауларын аралады. Өйткені Байқара мен Ақтайлақ бидің зираттары осы өңірде болатын. Нақтырақ айтқанда Қайрақты мен Балтақара өзендерінің түйілісінде. Барақтың әкесі Солтабай төре мен қарадан шығып, «хан Қысық» атанған, қазақ халқы үшін аса бір күрделі кезеңде Көкпекті дуанына аға сұлттан болған Қысық Тезекұлының кесенесі де ол жерден онша алыс емес, осы өңірде.

Жазушы онда аудан әкімі Айбек Көрімовтің тікелей басшылығымен Байқара мен Ақтайлақ билердің басына бұған дейін бұл өңірде болмаған өзгеше жобамен ақ кірпіштен әдімсілеп тұрғызылып жатқан құмбездерді аралап көрді. Өрқайсысы сегіз қанат қазақ үйдің аумағындай құмбездердің сыртын орай айналып тұрғызылып жатқан жаңа кесенелер жазушыға ұнады. Сонда осы кесенелердің жобасынан бастап барлық жұмысына батыл араласып, басшылық жасап отырған аудан әкімінің ісін дең риза болған еді.

Одан ары Солтабай төренің бейітіне зиярат жасады да, хан Қысықтың жатқан жерін бетке алды. Оған барар жолда отүстік-шығыс жақтағы Тарбағатайдың сілемінен басталатын бұйрат белдерден ағып шығатын Еспенің жайылма суынан өтуге тура келді. Жүргізушілер су жағасында аялдап, «асты езіліп кеткен шығар, машиналар батып қалуы мүмкін» десті. Сол сәт жазушы төбесі көрініп тұрған баба зиратына бармай көткенді жөн көрмей, аяқ киімін шешіп, балағын түре бастады. Қабаңа қарап бәрімізде солай істедік. Сол сәт мен ел арғы беттен ата жұртқа өткен кездегі тас-талқан болып тасып жатқан Қара кітап өзенінен осы Қабаңды арқалап өткен Қажытай Ілиясов ағамыздың ерлігі есіме түсіп:

- Аға мен Сіді арқалап өтейін дедім. Мезгіл май айы болса да су әлі суық еді. Жолаушылар жүргенде ауырып қалармын деді ме, ағамыз келісті. Солай мен жайылмадан жазушыны арқалап өттім. Қабаң, Қажытай Ілиясов ағамыз айтқандай, шын мәнінде зілдей ауыр екен. Ол ортада құлатып алмай, аман-есен өткеннен кейін:

- Аға, әлі де жазарыңыз көп сияқты», - деп жазушы өзі айттым. Ол:

- Ө-ә, сәлі ма? - деп дағдылы әдетімен құлжа басын көтере қозғап, күліп қойды.

Сол бір күндерде бастарынан өнегелі өмір, қилы күндер өткерген ағалардың арасында не әңгіме болмады дейсіз. Оларды, сірә, жазып та, айтып та тауыса алармысың. Шетінен шежіре, ділмар, шешен жандар бірінің сөзін бір жалғап, талай өңгіменін басын қайыраған. Әсіресе көпті көрген көненің көзі Ғабдылахмет Шөкерұлы ақсақал мен жазушы Қабдеш Жұмаділовтің өңгімелері айызды қандырды...

Сапардың келесі күні өзгелер қалып, жазушы екеуіміз тағы да жолға шықтық. Жазушы бұл жолға аудандар ірілендірілген тұста көршілес Үржар ауданына қарап кеткен бұрынғы Таскескен ауданындағы таңбалы тастары бар Тарбағатайдың күнгей бетін аралады. Ол кейбір тастардың тұсына тоқтап, оларға зер сала қарап:

Таскескеннен қайтар жолда жазушы жерге аузында «Тоқсан екі» аталып кеткен жүрте аялдап:

- Адам баласының мәңгілік еместігі белгілі ғой, бауырым. Есінде болсын, мен дүниеден өткенде халқым мені осы бір тоғыз жолдың торабына қойсын, - деген еді көзіне де ой тұнып. Бұл сөзді ел ардағы сол сапарда ой түйіп алғаш рет маған айтты ма, әлде менен бұрын да өзгелерге айтты ма, ол жағын мен білмеймін. Жақсы аға қазір сол өзі қалаған қасиетті мекенде мәңгілікке тыныстап жатыр.

Қазақстанның халық жазушысы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының, Қазақстан Жазушылар одағы мен «Тәуелсіз тарлан» сыйлықтарының иегері, ғажайып қаламгер халқының жүрегінен мәңгі сақталары сөзсіз. Біреулер оны «дарабоз жазушы», енді біреулер «қара сөздің Қабанбайы», тағы біреулері «қазақ прозасының қара нары» деп жүр. «Халық айта, қалп айтпайды» дегендей, халқының қате баға бермесі анық. Ойлап отырсақ, осы теңеулердің қай-қайсысы да орында. Осы тұста, өттен, Қабдеш Жұмаділов ағамыздың көз келген шығармасын көзі тірісінде іштарлықпен емес, қуштарлық құрметпен Нобель сыйлығына ұсынаған жағдайда, оның бұл сынынан да шашасына шын жұқтырмас жүзіндей шауып өтері де сөзсіз еді-ау деген ойға қаласын. Оған дарабоз жазушының шығармаларын зер сала оқыған әрбір оқырман анық жеткізеді. Иә, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, көрнекті ақынмыз Тұманбай Молдағалиев айтқандай, бір сөзі оқылмай қалмаған жазушы шын мәніндегі қазақ прозасындағы қайталанбас тұлға екендігі даусыз.

Топырағын торқа, жатқан жерің жайлы, жаңың жаннатта болсын, қара сөздің теңдесі жоқ шебері!

Ақаш КӨКСЕГЕН, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қазақстанның Құрметті журналисі, Аяғөз ауданының Құрметті азаматы

ҚАРА СӨЗДІҢ ШЕБЕРІ


Қабдеш Жұмаділовтің есімі қалың оқырман қауымға кеңінен танымал. Қаламынан он роман, жиырма бір повесть, жетпістен астам әңгіме туған тарлан талант. Қоғамдық құбылыстарға да дер кезінде үн қосып, қалам тербеген қабырғалы қаламгер. Жазушының жазғандарының қай-қайсысын оқысаңызда ойланбай, толғанбай қала алмайтыныңыз шындық. Оның туындыларындағы көркем тіл, керікті ой сізді еріксіз баурап алады. Басы артық бір сөз жоқ. Барлығы нанымды, көңілге қонымды. Әр сөз, әр сөйлем өзінің орнында. Шашау шыққаны, орнын таппай одағай тұрғаны жоқ. Бірақ жазушы нені жазса да оқырманын баурап алатындығы неліктен? Сіз білетін, біз білетін, жұрттың бәрі білетін қарапайым сөздер боямасыз өмір шындығымен өріліп, жазушының ой-сана елегінен өтіп, қағаз бетіне түскенде құлпырып сала беретіні қалай? Бұл не ғажап, қандай сиқыр? Бұл – жазушының даралығы. Бұл – суреткерлік қуат. Иә, Қабдеш Жұмаділов - қара сөздің теңдесі жоқ шебері.

қаламынан туған таңғажайып талай шығармаларды сүйсіне оқыдым. Рас, студент кезімде оқта-текте көшеде кездесіп, амандасып жүргенім болмаса, жақын араласа қоймағанмын. Тек 1990 жылы өткен республика парламентінің сайлауы қарсаңында ғана алғаш рет жақынырақ жүздесудің сәті түсті. Өйткені ол кісі сол кездегі Семей облысы бойынша парламентте депутаттыққа ұсынылған үш кандидаттың бірі ретінде Шұбартау халқымен кезесуге келген-ді. Соның алдында ғана мен Семей облысынан ұсынылған тағы бір кандидат Әкежан Қажықеңдінің жұрт сенген өкілі болған едім. Алайда ауылына рулық жағынан да, рухани жағынан да жақын аға келіп жатқанда алдынан қалай шықпайсың. Қабаңды қасындағы қосыны, жора-жолдастарымен бірге қарсы алып, шаңырағымша шақырдым да, қадірменді қонақ ретінде қал-қадерімізде төредей күттік. Құрметімізге риза болған болар, Қабаң ас үстінде алғысын білдіре келіп, менің ҚазМу-дің журналистер даярлайтын факультетінде білім алғанымды есіне алды. Жұмыс жағдайымды сұрап, шығармашылық жайын да қаға беріс қалдырған жоқ. Мен ептеп өлең, әңгіме жазатынымды айттым. «Оның жақсы. Шығармашылықпен айналысатын адам үшін ескі жыр-дастандарды, қазақтың қара өлеңін көп оқу керек», - дей келіп, Қабаң есінің есті сөздеріне көбірек зер салып, тасбулықтың сусынындай қайнардан мейірің қана сусындауың қажет деген ақылын айтты. - Ақын, жазушы боламын деген адамға алтынға бергісіз асыл сөздің мәйегі сонда жатыр», - деп бағыт-бағдар берді. Сірә, «Жақсыдан шарапат» деген халқымыздың жақсы сөзі сондайында айтылған болар.

Одан кейін де ағамен телефон арқылы әр кездері хабарласып тұрдық. Қабаң сондай кездерде ел мен жердің жағдайын, бала-шағаның амандығын тіптішеп сұрайтын. Ағалық ақыл-кеңесін айтып, бағыт-бағдар беретін. Тоқсаныншы жылдардың соңына қарай аудандар ірілендіріліп, Шұбартау ауданы тарап, Аяғөз ауданына қосылған тұста ағамен телефон арқылы тағы да тілдескен едім. Сол қарсаңда Аяғөз ауданында әкім болған Айбек Мұтапаханұлы Көрімовтің қабылдауында болып, осы уақытқа дейін атқарған қызметіме шақырылған едім. Ел мен жерге бауыр басып қалғандықтан да, қабылдауда бір шешімге келе алмай, бірден келісім бере алмай қайтқанмын. Қабдеш ағадан осы жайында ақыл сұрағанымда бірден: «Аяғөз дегенің тоғыз жолдың торабы ғой, шырағым. Сенің ол жерге баруың керек. Себебі аяғөздің ағайындар Абайдың ұстазы - әйгілі ақын-жырау Дулат Бабатайұлының жай жерде жерленгенін білмей жатыр. Біреу анда, біреу мында дегенді айтады. Өзірге ешкім тап басып айта алмай отыр. Ал енді өмірі сол өңірде өткен Дулат бабамыз аспанға ұшып кетті деймісін. Сол Аяғөз жерінің бір тұшпақпенді жатқандығы анық. Тек жыр дүлдүлінің жатқан жерін тауып, нақтылау қажет. Аяғөзге бар да, осы іске ат салыстын бол. Аяғөз әрі сенің Алматыда оқытын балаларыңның жол азабын тартайп келіп-кетуіне де қолайлы, өздерінің де жүріп-тұруларына ыңғайлы жер. Айбек ініміз енді шақырса, тартынып қалушы болма», - деп кеңес берді Қабдеш аға.

Сол күні Семей облыстық мәдениет басқармасының бастығы Мәуеғазы Масалимов ағамыз да телефон соғып, менің Аяғөзге баруым қажет екенін айтты. «Оған сенің кандидаттыңды ұсынған мен едім. Неге бірден келісім бермедің. Аяғөз деген сенің шалғайда жатқан Шұбартауың емес қой. Темір жолдың бойында, тоғыз жолдың торабында жатқан жер. Былай барсаң – Алматы, былай жүрсен – Семей, шығысында Үржар мен Мақаншы, батысында - өзін өскен Шұбартау. Осыдан артық қанша қолдайлы қоныс керек саған. Ақсаған шаруаны көтеру сенің қолыңнан келеді. Сен одан да бүгінгі күннің проблемасы болып тұрған Дулат Бабатайұлы бабаның жатқан жерін табуға ат салыс. Бұл туралы министр Еркеғали ағаға айттым. Дерев Ерағаммен хабарлас», - деп Мөкең қадап айтты. Іле Ерағаммен сөйлестім. Ол кісі де Аяғөзге барып жұмыс істеуім керектігін айтты. Расында да, мені бала күнімнен бері білетін Мұхтар Мағауин ағам да, Несіпбек бауырым да Аяғөзге баруымды құптап отыр екен. Сонымен, дәм тартып, Аяғөзге келіп, жұмыс істей бастадым.

Ол кез өтпей кезең аталған қиын уақыт еді ғой. Елдің іргесі сөгіліп, ауылдың ажары кетіп, адамдар не істеріп білмей дағдарып қалған кезең болатын. Қайда барсаң да иесі көшіп кеткен, есік-терезелерің айғай-саңғай, алаң-ашық үңірейген үйлер кездестірілген. Осындай кезде өсіресе мәдениет саласының ғимараттары көп зардап шеккені жасырын емес. Бір кездері қызық-думанның базарындай болған қайран ғимараттар әбден бүлінген-ді. Бірінің есігі, енді бірінің терезесі жоқ. Тіпті, басқа-басқа, бір кездері шаруасы дүрділген кеңшардың орталығы болған Мыңбұлақ ауылындағы мәдениет үйі өртеніп, шаңырағы ортасына түскен екен. Оған көршілес Ақшәулі ауылындағы мәдениет үйі де кетеуі кетіп, әбден бүлініпті. Орындықтардан жұрдай мәдениет үйінің еденіндегі тақтайларға дейін түгі қалмай қолды болыпты. Төбесіндегі шиферлер шұрық тесік. Андыздап аспан



округіндегі мәдениет ошақтары оқыралаңаң сыырдың, шыбындаған жылқының көлеңкелейтін орнына айналған. Ал Қарағаш ауылдық округінде мәдениет ошағы болмапты. Тарлауы мен Қона ауылдық округіндегі ғимараттар да талан-таражға түскен. Қысқасы, жау шапқандай жағдай. Себебі аталған мәдениет орындарындағы қызметкерлер өтп ат ауданда өлдеқашан онтайландырудың бүкір қайшысына ілігіп, қысқарып қалыпты. Иесіздіктің салдары өлпіндігеді.

Ол кезде көлік дегенің қат. Ауылдардың арасына қатынайтын қоғамдық көліктер атымен жоқ. Бір сөзбен айтқанда, бір ауылдан екінші ауылға жетуің қиы. Машина ма, трактор ма, кез келген көлікке отырып жетуге тырысасың. Осындай жағдайда әр ауылға барып, мәдениет ошақтарының жағдайымен танысу қиынның қиыны болғандығын айтып жатудың өзі артты. Дегенмен табандылық танытып, әр ауылға барып, жағдайды көзбен көруге тырыстық. Ауыл әкімдерінің, өнерді құрметтейтін ханашыр жандардың көмегімен мәдениет ошақтарының есік-терезелерін уақытша бітел, көз қырын салатын қаржы алмайтын қарауылдар мәдениет орындарын сақтап қалуға қолдан келгенше тырыстық. Осындай жұмыстармен жүргенде көне кездерден Дулат Бабатайұлы бабамыздың жатқан жерін анықтау мақсатында сұрау сала жүруді де есте естен шығармадық.

Сол жылдары ауылдарды айтпағанда аудандағы жалғыз мәдениет ошағы саналатын бұрынғы темір жолдың иелігіндегі, қазіргі «Қозы көрпеш – Баян сұлу» мәдениет үйінің де халі мүшкіл жағдайда еді. Иә, аудан орталығындағы осы жер дегендегі жалғыз мәдениет ошағының өзі, жаңбыр жауса, жабындысы әбден тозғандықтан төбесінен соралаған су бірінші қабаттағы фойесінің еденін көлге айналдыратын. Біртіндеп уақыт өтіп, қоңыр құс келді. Одан соң қыр астынан қылышың сүрейтіп қыс та жетті. Жылы жүміс бұдан бұрынғы жылдарда жарылып қалғандықтан, атымен жоқ. Үлкен зал мен фойенің қиыы қашып, әбден ескірген, есік-терезесінен ішке саулап кірген суыпқан қос, иенің жасуындай жерден саңылау табатын борасынан бұрыш-бұрышты қар мен қырау басытын. Мәдениет бөліміндегі бірді-екілі қызметкер мен кейіннен жанадан жұмысқа алғанын өнерпаз бас буынның қушімен төбені де, есік-терезелерді де ақысыз-пұлсыз өз қолымызбен ептеп-септеп жамап-жақап, жылылаған болдық. Сөйтіп жүріп суық залда бір емес, бірнеше рет өзіміз алғаш ұйымдастырған «Баян сұлу» ән-би ансамблінің, «Аяғөз» ұлт аспаптар оркестрінің концерттік бағдарламасын жұртшылық назарына ұсындық. Сондағы өнерпаздардың алатын жалақысы да мардымсыз, 0,25 проценттік ставка болатын.

Қыс өтіп, жадырап жас кел



ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

ОРТАҒА САЛЫНҒАН ОЙЛАР КӨП

Бородулиха ауданында тұрғындардың әл-ауқатына, әлеуметтік нысандардың жағдайына және көрсетілетін қызметтердің сапасына қатысты мәселелер тұрақты назарда. Осы бағыттағы жұмыстарды саралап, өзекті мәселелерді талқылау мақсатында аудандық Қоғамдық кеңесінің отырысы өтті.

Жиынды кеңес төрағасы С.Урашева жүргізді. Күн тәртібіне мемлекеттік қызметтердің сапасы, балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру, денсаулық сақтау саласының жай-күйі, қоғамдық ұйымдармен өзара жұмыс, алдағы жылыту маусымына дайындық, электрмен жабдықтау және балалар мен жасөспірімдерді спортпен қамту мәселелері енгізілді.

Алдымен биылғы жылдың жеті айындағы жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметтер көрсету сапасы қаралды. Бұл туралы Бородулиха ауданы әкімінің аппараты басшысы Асхат Мұқатай баяндап, тұрғындарға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарға тоқталды.

Абай облысы бойынша Мемлекеттік қызмет істері агенттігі департаментінің мемлекеттік қызметтер басқармасының бас маманы Маржан Мақсұтқан биылғы бірінші жарты жылдықта жүргізілген тексерулердің қорытындылары туралы ақпарат берді.

Жиында балалардың жазғы демалысы мен сауықтырылуын ұйымдастыру мәселесіне де назар аударылды. Бородулиха ауданы білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы Дәулет Тұрғымбаев жазғы лагерьлер мен мектеп жанындағы алаңдардың жұмысы туралы баяндады.

Қоғамдық кеңес мүшелері Денсаулық сақтау саласының жай-күйін де талқылады. Бородулиха аудандық ауруханасының бас дәрігері Марат Қосамбеков тұрғындарға көрсетілетін медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігі туралы баяндама жасады.

Отырыста ауылдың және кенттік округ әкімдерінің қоғамдық ұйымдармен бірлескен жұмыстары да сараланды. Переменовка, Дмитриевка, Жерновка, Подборный және Степной ауылдық округтерінің әкімдері ардагерлер, ақсақалдар,



жастар және әйелдер кеңестерімен бірлесіп атқарып жатқан жұмыстарын таныстырды. Қоғамдық ұйымдардың жергілікті мәселелерді шешуге атсалысуы, тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін ескеру және қоғамдық бастамаларды қолдау мәселелеріне мән берілді.

Күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің бірі – жылыту маусымына дайындық. Қысқы кезеңге дайындық барысы туралы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Әли Нұрқасымов баяндады.

Ауданда 32 қазандық жұмыс істейді. Оның 23-і білім беру, екеуі денсаулық сақтау нысандарына, алтауы «Коммунальное хозяйство» мекемесіне, төртеуі «Востокэнерго» ЖШС-нің өндірістік нысандарына тиесілі. Жылу желілерінің жалпы ұзындығы – 33,9 шақырым.

Қысқы маусымға қажетті отын қоры да бақылауда. Халыққа 96,3 мың тонна, бюджеттік ұйымдарға 9 мың тонна, «Востокэнерго» ЖШС-не 49,9 мың тонна көмір қажет. Мектептер үшін қажетті көмір көлемі 7644,8 тоннамен құрайды. Жеткізушілермен келісімшарттар жасалып, отынды тамыз-қазан айларында жеткізу жоспарланған. Ауданда орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған 51 көп қабатты үй бар.

Баяндамашының мәліметінше,



үш балабақша, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау нысандарында да қысқы кезеңге дайындық жүргізілуде. Жаңа Шүлбі ауылындағы балаларды қолдау орталығында дайындық жұмыстары толық аяқталған.

Сонымен қатар отырыста электрмен жабдықтау мәселесі қаралып, «ОЭСК» АҚ Бородулиха аудандық электр желілері бөлімшесінің басшысы Қаиртай Қожахметов электр желілерінің жағдайы мен тұтынушыларды тұрақты электр қуатымен қамтамасыз ету жөнінде ақпарат берді.

Жиында балалар мен жасөспірімдерді спортқа тарту мәселесі талқыланды. Бородулиха ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі басшысының оқу ісі жөніндегі орынбасары Әділжан Бозаев спорт секцияларына балаларды қамту, сабақтардың қолжетімділігі және бұқаралық спортты дамыту бағытындағы жұмыстар туралы

Отырыста көтерілген мәсе-

лелер бойынша Қоғамдық кеңес мүшелері баяндамашыларға сауалдар қойып, өз ұсыныстарын білдірді. Әсіресе тұрғындарға көрсетілетін мемлекеттік және медициналық қызметтердің сапасын арттыру, балалардың қауіпсіздігі мен бос уақытын тиімді ұйымдастыру, жылыту маусымына жақсы дайындық жүргізу және коммуналдық қызметтердің тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселелеріне баса назар аударылды.

Жиынды қорытындысында көтерілген мәселелерді ескере отырып, тиісті жұмыстарды жалғастыру және олардың орындалуын бақылауда ұстау қажеттігі айтылды. Қоғамдық кеңес жұмысының негізгі мақсаты – тұрғындардың ұсыныстары мен талап-тілектерін назарға алып, қоғам мен жергілікті атқарушы органдар арасындағы байланысты нығайту және аудан үшін маңызды мәселелердің шешілуіне ықпал ету.

Ш.ДОСКЕЕВА

Жемқорлыққа
ЖОЛ ЖОҚ!



АДАЛДЫҚ – АРДЫҢ ІСІ

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – қоғамның тұрақты дамуы мен ел болашағы үшін ең маңызды міндет.

Сыбайлас жемқорлық – қоғамның дамуына кері әсер ететін, мемлекеттік басқарудың тиімділігіне нұқсан келтіріп, азаматтардың заңға және әділдікке деген сенімін әлсірететін қауіпті құбылыс. Сондықтан жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес – бүгінгі күннің ғана емес, болашақтың да маңызды мәселесі.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Бұл ретте, заңнаманы жетілдірумен

қатар, құқықтық сауаттылықты арттыруға, мемлекеттік қызметтердің ашықтығын қамтамасыз етуге және қоғамда адалдық құндылықтарын қалыптастыруға ерекше мән берілуде. 2026 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіруге бағытталған өзгерістер енгізілді. Мұндай шаралардың негізгі мақсаты – жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу, заң талаптарының сақталуын күшейту және қоғамдағы жауапкершілік деңгейін арттыру. Алайда сыбайлас жемқорлықпен күрес тек заң қабылдаумен немесе мемлекеттік органдардың жұмысымен шектелмеуі тиіс. Оның алдын алудың ең тиімді жолдарының бірі – әр адамның бойында адалдық пен жауапкершілік қағидаларын қалыптастыру.

Жемқорлыққа қарсы мәдениет ең алдымен отбасында, білім беру ұйымдарында және ең-

бек ұжымдарында қалыптасуы қажет. Жастарға адал еңбектің қадірін түсіндіру, заңды құрметтеуге тәрбиелеу және өз ісіне жауапкершілікпен қарауға үйрету – қоғамның маңызды міндеті. Әрбір азамат сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте өз үлесін қоса алады. Заңсыз ұсыныстан бас тарту, құқық бұзушылыққа көз жұма қарамау, өз құқығын білу және заң талаптарын сақтау қарапайым көрінгенімен, маңызы өте зор. Сыбайлас жемқорлықсыз қоғам құру – баршамызға ортақ міндет. Адалдықты таңдаған әр азамат елдің дамуына өз үлесін қосады. Сондықтан жемқорлыққа қарсы күресті өзгеден күтпей, ең алдымен өзімізден бастауымыз қажет.

«Адалдық – ардың ісі» деген қағиданы өмірлік ұстанымға айналдырған қоғам ғана әділетті жай жарқын болашаққа қадам басады.

Ә. ТӨКЕНОВ,
Бородулиха ауданының
мемлекеттік қазынашылық
басқармасы басшысының орынбасары

ІШКІ ТУРИЗМ

«LakeCamp Abai»: мүмкіндіктер алаңы

Абай облысы ішкі саясат басқармасының қолдауымен және облыстық Қоғамдық келісім орталығының ұйымдастыруымен Алакөл жағалауында «LakeCamp Abai» жастар лагері өтті. Мақаншы ауданында өткен бес күндік шараға еліміздің әр өңірінен, сондай-ақ Абай облысының қалалары мен аудандарынан келген белсенді жастар қатысты.

Жастар лагері білім мен тәжірибе алмасуға, шығармашылық қабілетті шыңдауға, көшбасшылық дағдыларды дамытуға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге және жаңа бастамаларға серпін беруге бағытталды.

Жобаның негізгі мақсаты – жастардың білімін жетілдіру, көшбасшылық қабілетін шыңдау, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, азаматтық белсенділікті арттыру және жаңа бастамаларға жол ашу. Осы шараға Бородулиха ауданы жастарының атынан мен де қатысып қайттым.

Лагерьдің алғашқы күні «Міңгерім» демалыс келесінде танысу кеші өтті. Еліміздің әр өңірінен келген жастар өздерін таныстырып, өнерлерін ортаға салды. Өн мен шығармашылыққа ұласқан кеште қатысушылар етене араласып, бір-бірімен жақын танысты. Қатысушылар бағдарлама барысымен танысып, ортақ жұмысқа белсенді кірісті.

Сонымен қатар жағалау мен судағы қауіпсіздік ережелері түсіндіріліп, төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша қажетті ақпарат берілді. Абай облысы Төтенше жағдайлар департаментінің мамандары судағы қауіпсіздік, алғашқы көмек көрсету және төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша тәжірибелік сабақ өткізіп, қатысушыларға түрлі жағдайларда дұрыс әрекет ету жолдарын үйретті.

Лагерь бағдарламасындағы негізгі алаңдардың бірі «Тіл. Дәстүр. Домбыра. А!» интерактивті диалог алаңы болды. Мұнда қазақ тілі, ұлттық мәдениет пен салт-дәстүр, домбыра өнері және жасанды интеллект мүмкіндіктері өзара сабақтастырылды. Жастар тапсырмалар орындап, интеллектуалдық ойындар мен командалық сайыстарға қатысты. Ұлттық құндылықтарды заманауи технологиялар-

мен ұштастырған бұл формат қатысушылардың ерекше қызығушылығын тудырды.

Көшбасшылық қабілетті дамытуға арналған «Leadership Lab: Көшбасшылық өзіңнен басталады» білім беру алаңында қатысушылардың тиімді коммуникация, командалық жұмыс және жобалық ойлау дағдыларын дамытуға басымдық берілді. Қатысушылар интерактивті тренингтер мен практикалық тапсырмаларға қатысып, көпшілік алдында сөйлеу шеберлігін шыңдады. Сонымен қатар өңірлердің әлеуметтік дамуына бағытталған жобаларын ұсынып, өз идеяларын қорғады.

Жастардың құқықтық сауаттылығын арттыруға арналған Legal Talk кездесуі де ашық диалог форматында өтті. Мұнда заң талаптарын сақтау, құқық бұзушылықтың алдын алу, азаматтардың құқықтары мен міндеттері туралы маңызды мәселелер қозғалды. Қатысушылар мамандарға өздерін толған дырған сауалдарын қойып, нақты жауаптар алды.

Заманауи медианың мүмкіндіктерін меңгеруге арналған MediaLab алаңы да жастар үшін пайдалы тәжірибе болды. Қатысушылар фото және бейнетүсірілім, сторителлинг, копирайтинг, мобильді монтаж және әлеуметтік желілерге арналған контент әзірлеу бағыттарымен танысты. Командалық тапсырмалар арқылы цифрлық ортада сапалы әрі мазмұнды контент жасаудың қыр-сырын үйренді.

Ұлттық құндылықтар бағыты тоғызқұмалақтан өткен шеберлік сабағы мен этновиз арқылы жалғасты. Ұлттық ойын арқылы жастар логикалық ойлау, стратегия құру және шешім қабылдау қабілеттерін жетілдірді.

Ал жауапкершілік туралы әңгіме «Таза Қазақстан» акциясы барысында нақты іске ұласты.



Қатысушылар Алакөл жағалауын тазартуға белсене атсалысты. Бұл шара қоршаған ортаны қорғаудың маңызын көрсетіп қана қоймай, жастардың ортақ іске деген жауапкершілігін арттыра түскені анық. Бағдарламадағы IDEALAB «Жастар бастамасы – ел болашағы» алаңы да ерекше мазмұнымен есте қалды. Мемлекеттік тілде өткен пікірталас барысында жастар қоғамдағы өзекті мәселелерді ортаға салып, шағын жобалар әзірледі. Экология, волонтерлік, кәсіпкерлік, цифрлық қауіпсіздік, жасанды

интеллект, білім беру, жұмыспен қамту және ауыл жастарын қолдау бағыттарындағы ұсыныстар талқыланды.

Осылайша бес күнге соғылған LakeCamp Abai жай ғана жазғы лагерь емес, өңіраралық қарым-қатынас пен тәжірибе алмасуға арналған алаңға айналды. Еліміздің әр түкпірінен келген жастар бір-бірімен танысып, пікірлес адамдарын тауып, жаңа бағыттарда өздерін сынап көрді және лагерьден кейін де жалғасын табуы мүмкін бастамаларды бірге талқылады.

Қорытынды шара - лагерьдің жабылу рәсімінде өлсенділік танытқан қатысушыларға алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталды. Бағдарлама Мақаншы ауданы өнерпаздарының концерттік кеші және жастардың мәдени-шығармашылық бағдарламасымен түйінделді.

«LakeCamp Abai» мен үшін жай ғана демалыс емес, жаңа білім мен тәжірибе жинақтап, өзге өңірлерден келген белсенді жастармен пікір алмасып, ортақ ой мен мақсат тоғыстырған маңызды алаң болды. Лагерь барысында көшбасшылықтан бастап медиасауаттылыққа, құқықтық білімнен ұлттық құндылықтарға дейінгі көптеген бағыт қамтылды. Ең бастысы, әр қатысушы өзіне қажетті тәжірибе алып қайтты.

Осындай мазмұнды жобаға қатысуға мүмкіндік бергені үшін Бородулиха ауданы ішкі саясат бөлімінің басшысы Анар Қайратқызына алғысымды білдіремін.

«LakeCamp Abai» секілді жастарды бір ортаға жинайтын жобалар жаңа бастамаларға серпін беріп, ел болашағына бейжай қарамайтын белсенді буынның қалыптасуына ықпал етеді. Жастарға жаңа білім беріп қана қоймай, өзара алмасуға, жаңа идеялар ұсынуға мүмкіндік беретін ортада кездесулер жалғасын тауып, тың жобалар мен бастамалар нақты іске айналса деген тілегім бар.

А.ГАЙФУТДИНОВ,
Зубаир ауылдық округі әкімі
аппаратының бас маманы

Бетмі әзірлеген Ай-Керім СӨРСЕНҚАЛИ, «Semei tahy»

2026 жылғы 12 қазанда сағат 11:00-де Семей қаласында қатты тұрмыстық қалдықтар жерлеу полигонын салу жобасына (ЫӘТӘ, ӨЗББЖ, ҚББЖ, ТҚІШЖ, ЭТАБ, ЖБШН, ЖБТНЖ, ТНЖ, ФОНЖ) қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері бойынша қорытынды алу үшін ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар ететін хабарлаймыз, мына мекенжайда орналасқан: Абай облысы, Жаңасемей ауданы, Приречный ауылдық округі (жер учаскесінің координаттары), Семей қаласынан 13 км қашықтықта (алаң координаттары: 80°27.83»С 50°17'24.08»В)

Пікірлер мен ұсыныстарды ndbecology.gov.kz ақпараттық жүйесінің веб-сайты арқылы немесе Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының бас маманына uprjp.abay@akimatabay.gov.kz электрондық поштаға арқылы жолдауға болады.

Қосымша ақпаратты 8 777-748-57-35 тел, e-mail: GolovkoMI@ulba.kz арқылы алуға болады.

Қосымша ақпаратты 8 777-748-57-35 тел, e-mail: GolovkoMI@ulba.kz арқылы алуға болады.

Қосымша ақпаратты 8 777-748-57-35 тел, e-mail: GolovkoMI@ulba.kz арқылы алуға болады.

Қосымша ақпаратты 8 777-748-57-35 тел, e-mail: GolovkoMI@ulba.kz арқылы алуға болады.

Қосымша ақпаратты 8 777-748-57-35 тел, e-mail: GolovkoMI@ulba.kz арқылы алуға болады.

Еркебұлан ТҰРСЫН,
Семей қаласы әкімі
аппаратының
басшысы,
өдеп жөніндегі уәкіл

«Семей таңы» газеті 1969 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұйырығымен «Құрмет» орденімен, 2019 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұйырығымен «Құрмет» орденімен сыйланды. Газеттің құрамындағы материалдардың авторлық құқығына қол жеткізіледі.

Директор - Риза АСАҢҚЫЗЫ МОЛДАШЕВА
Бас редактордың орынбасары - Роза ПУШПАКОВА

www.semeytany.kz
 Email: info@semeytany.kz

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу куәлігі № KZ99VPY0012173, 05.06.2025 ж.
 Газет «АВАИ АЙМАQ MEDIA» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басып шығару баспасы» «Рекламный дайджест агенттігі» ЖШС (Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20) бастап орталығында офсеттік әдіспен басылғып шығады.
 Индекс 06061. Тапсырыс 259. Бағасы келісімді.
 Аптасына екі рет - сейсенбі, жұма күндері шығады.
 Жарияланған мақалалардың авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
 Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында.
 Мемішкікті тілшілеріміз: Бородулихада - 8 776 740 87 21, Бесқарағайда - 8 775 433 44 08.

Редакцияның мекенжайы: F18A5N3, Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 12.
 Тел.: Директордың қабылдау бөлмесі - 52-36-57; бас редактор - 52-04-75; редактордың орынбасары - 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі - 56-08-03; факс - 52-04-75; бухгалтерия - 52-38-32

Тираж 30 155

Кезекші редактор Ай-Керім СӘРСЕНҚАЛИҚЫЗЫ